

Бүгін—халық соттарын сайлау күні!

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІНДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 246 (9564) || 1954 жылғы 12 декабрь Жексенбі || Шығуына 35 жыл.
және саны 20 тыйын.

Сайлаушы жолдастар! Таңдаулы ұлдарымыз бен қыздарымызға тегіс дауыс беріп, коммунистер мен партияда жоқтар блогінің жеңімпаз күшін, халықтар достығының, мызғымас бірлігін тағы да бір салтанат етейік!

Сайлауға тегіс қатысайық!

Бүгін, 12 декабрь —Қазақ ССР халық соттарының сайлауы күні. Бүкіл республикадағыдай облысымыздың қаласы мен ауыл-селолары ақынды жалаулармен, плакаттармен безендіріліп, бүкілхалықтық мереке салтанатына енді. Бұл сайлауды қазақ халқы Коммунистік партияның, оның Орталық Комитетінің және Совет үкіметінің төдірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасып, социалистік Отанның кемеліне келген кезде, еліміздің экономикасы мен мәдениетін оған әрі өркендету жолындағы қажырлы еңбек үстінде, халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін нығайта беру жолындағы күрес үстінде қарсы алып отыр.

Коммунистік партияның басшылығы мен ССРО Конституциясының туы астында Қазақстан, басқа туысқан республикалар сыяқты коммунистік қоғам орнату жолындағы күресте бұрын-соңды болып көрмеген орасан зор табыстарға ие болып келеді. Ол тарихи қысқа мерзім ішінде өнеркәсібі мен транспорты, ауыл шаруашылығы қызу қарқынмен өркендеп отырған республикаға айналды. Партия мен үкіметтің тапсырмасын орындай отырып, Қазақстанның қолхоздары мен совхоздары быйғы 1955 жылдың егісі үшін 8 миллион гектардан артық тың және тыңайған жер жыртып, тапсырманы 1,7 миллион гектар асыра орындады. Республиканың ауылшаруашылық еңбекшілері мемлекетке 231 миллион пұт астық тапсырып, Отан алдындағы борышын аброймен өтеді. Қазақстанның өнеркәсіп транспорты және мәдени құрылыс саласындағы табыстары да осындай ұшан-теңіз.

Совет адамдары өздерін күзденген Отанның бақытты тұрғыны, ерікті өмірі үшін еңалдымен Коммунистік партия мен Совет үкіметіне борыштымыз деп санайды. Біздің болашағымыз бұдан да жақсы, жарқын —коммунизм. Совет халқы өздерінің қажырлы еңбектерімен еліміздің экономикалық негізі социалистік меншікті нығайта береді. Сонымен қатар ол мемлекет мүддесі мен халық мүддесін заң жүзінде қорғайтын халық соттарының жұмысына белсене қатысады, халық сотын өзлері сайлайды. Сөйтіп ССРО Конституциясы берген сайлау және сайлану қорғаныс құқығын жүзеге асырады.

Бүгін халық соттарының сайлауына еліміздің сайлау заңы бар барлық азаматтары мен азаматшалары қатысады. Бұл сайлаудың маңызын білік кү-

былдаған міндеттемелерін аброймен орындай келеді.

Сонымен қатар облыс еңбекшілері өздерінің сайлау алдындағы жыйналыстарында халық судьялығы мен халық заседательдігіне жұмыста сыналған адамдарды таңдап ұсынды. Жұмысшылар мен шаруалар және интеллигенттер сайлаудың әзірлік жұмыстарына белсене көмектесті.

Сайлау алдындағы округтік кеңестерде халық соттарының құрамына ұсынылған кандидаттар барлық сайлаушылардың жаншай қолдауын тапты. Өйткені халық сотының құрамына ұсынылғандардың бәрі де сайлаушылардың сенімдерін аброймен ақтайтын, мемлекет мүддесін бәрінен де жоғары ұстайтын адамдар. Халық судьялығына кандидаттыққа заң жөнінде арнаулы білімдері бар, сот жұмысын жүргізуде тәжірибелері мол жолдастар ұсынылды. Халық судьялығына ұсынылып отырған 20 кандидаттың барлығы да сайлаушылардың сенімдерін аброймен ақтайтын заң қызметкерлері.

Біздің елімізде халық заседательдерінің ролі зор. Олар судьялармен тең құқылы, халық мүддесі, мемлекет мүддесі үшін қызмет етеді. Облыс еңбекшілері халық заседательдігіне кандидат етіп еңбек өнестіні көрсеткен қолхозшыларды, жұмысшыларды, жұртшылық құрметіне бөленген интеллигенттерді ұсынды. Олардың ішінде жұмысшы Рыхова, дәрігер Горина, токарь Плотников, қолхозшы әйел Смагулова және басқалары бар.

Халық соттарының құрамына ұсынылған адамдардың бәрі де коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттары болып табылады. Сондықтан бүгін сайлаушылар сайлау ұрпақтарына ұйымдасқан түрде келіп, коммунистер мен партияда жоқтар блогінің ұсынған кандидаттары үшін дауыс береді.

Өткен сайлаулардағы сыяқты Коммунистік партия халық соттарының бүгінгі сайлауына да партияда жоқтармен бір одақ болып келіп отыр. Мұның өзі түсінікті де. Біздің елімізде коммунистер мен партияда жоқтардың мақсаты бір. Ол мақсат—партия мен үкіметтің және халықтың мызғымас бірлігін оған әрі нығайта отырып, елімізде коммунистік қоғам орнату болып табылады.

Коммунистік партияның ішкі саясаты—еліміздің экономикасы мен мәдениетін үздіксіз өркендету, осының негізінде халықтың материалдық және рухани қажет-

Жаңа қоныстанушыларда

Алғашқы қыс айының кеші. Жаңадан қоныстанғандардың жас поселкасы жазық далаға өмір көркін енгізгендей. Мұнда бүгін бүкілхалықтық мереке—халық соттарының сайлауы күні.

Жақсы жабықталған сайлау пункті кеңсе үйіне орналасқан. Кабиналар, ұрпақтар орнатылып, еден не кілемдер төселген. Кабырғаларға көсем портреттері, плакаттар ілінген. Терезелерді іс білетін қыздар қолы перделермен әсемдендірген. Сайлаушылар дауыс беретін бөлмелерде мерекедегідей көркем безендірілген. Жүздеген қоныстанушы патриоттар осы сайлау пунктіне, ССРО Конституциясы берген ұлы правоны пайдаланып, өздерінің азаматтық борышын өтейді.

—Барлық осы даладағы кішкентай ұсақ нәрселерге дейін өзіміздің қолымызбен жасадық,—дейді мақтаныш сөзмен совхоздың комсомол комитетінің секретары болып сайланған жас тракторшы Анатолий Апарин. —Бұл далаға біздің келгенімізге бір жыл да болған жоқ. Бірақ біздің әр қайсымыз Солтүстік Қазақстан облысында көп жылдан бері тұрып келе жатқандай сезіміміз. Шынында, осы жердің бұдан 9 ай бұрын жансыз дала екенін көз алдыңызға елестету тіпті қиынырақ. Көзіміз біздің поселка осы жансыз далаға өмір бітіріп, қайнаған қызу еңбекті туғызды.

Совхоз жұмысшылар коллективі сайлау күні құрметіне жаңа еңбек табысын әзірледі. Бұл жылының көктем болатын кезде алыс емес. Көзіміз өзінде құрылыс материалдары ретінде жүздеген техникметр қамыс орылып, әзірленді. Механизаторлар трактор жөндеу, тіркемелі құрал-саймандарды әзірлеу жұмыстарын бітіруге жұмыс. Мұның үстіне совхоз ауыл шаруашылығының жаңа техника күшін көптеп алуда. Бұл техникаларды қабылдау жөнделерді құрастыру істері жылдам қарқынмен жүргізілуде. Ауылшаруашылық машиналарын жөндеу әзірлеуде әресе тың және тыңдайған жерлерді игеруге келген москвалық механик Виктор Степанович Губарев жолдас аса зор еңбек сіңірді. Еңбекте озат Губаревты совхоздың жұмысшылар коллективі заседательдікке кандидат етіп ұсынды.

—Виктор Степанович біздің сенімдіміз ақтай алады, —дейді совхоз жұмысшылары,—ол еңбек сүйгіш, адал адам.

—Ертең біздің коллектив ұсынған та-

ғы екі адамға дауыс береміз,—дейді сайлау пунктінің меңгерушісі И. Панков жолдас,—оның бірі тракторшы Виктор Сергеевич Балашов, екіншісі үй шаруасындағы әйел Екатерина Ивановна Пусинова.

Совхоздағы жұмысшылар коллективінің көркемөнерпаздары сайлау күні құрметіне концерттің жаңа программасын әзірледі. Дмитрий Иваник, Евгений Ганда, Алексей Серов және басқа жолдастар сайлау пунктіне сайлаушыларға ССРО халықтарының билері мен әндерін орындайды.

Мұнда муз айдыны жасау жұмысы да толық аяқталды. Электр мен радио сым желілерінің бағаналары орнатылып, Ильич шамдары нұрын төкті. Әсем ән, сазды музыка күйі естіледі. Муз айдыны қалалардағы муз айдындарынан кем болған жоқ. Комсомол-жастар сайлау күні осы муз айдынында көпшілік қоныс тебуді өткізуге ұйғарды.

Қоныстанушылар сайлау пунктеріне өз семьяларымен көптеп көшіп келуде. Ол семьялардың саны күн сайын көбейіп түсуде. Краснодардан, Сталинградтан, Украинадан және еліміздің басқа жерлерінен совхоз жұмысшыларының туған-туысқандары тың жерлерде өздерінің алғашқы қоныстарын салуда. Олар—тың және тыңайған жерлерді игеріп, астық молшылығын жасауда қажырлы еңбек етіп жатқан туыстарына тұрақты көмекке келген еліміздің патриоттары.

Тракторшы Василий Апарин алыстағы Новороссийск қаласынан әрби баласы Володя екеуі келген әйелі Нинамен бірге, сайлау ұрпағына барып, халық соттарының құрамына ұсынылған кандидаттарға дауыс бермек. Сол сыяқты трактор бригадасының бригадирі Пчелинцев және оның әйелі, совхоз емханасының дәрігері Ольга Ивановна Пашинамен бүгін тың жерде алғашқы рет дауыс береді. Ал мұндай семьялы жұмысшылар совхозда көптеп саналады.

—Барлығымыз бір кісідей өз дауыстарымызды халық соттарының құрамына ұсынылған кандидаттарға береміз. Өйткені олар халық мүддесін қорғауда біздің сенімдімізді ақтай алатын адамдар,—дейді жаңа поселканың жаңа қоныстанушылары.

А. АСКАРОВ,
Булаев астық совхозы.



Суретші И. Лукиннің жасаған плакаты.

Дауысымды камқоршыма берем

Мен екі өмірдің—патшалық Россиядағы азашты өмір мен салтанатты советтік өмірдің куәсімін. Бүгін халық соттарының сайлауы күні өзімің сайлау правоны игеріп отырмын. Мен екі өмірдің арасында өткен

беліндей әкімдер соты болатын. Ол халықтың алға ұмтылуынан, болашаққа талпынуынан қорқатын ескілік сипатінің шынжырдағы төбетіндей күзетшісі еді. Бар ойлайтыны халықтың өршіл ойы

Бақытты өмір үшін

ССР Конституциясы бойынша халық соттары жалпыға бірдей тең және төте сайлау правосын негізінде, дауысты жасырын беру жолымен үш жылға сайланады.

Бүкілхалықтық мереке — халық соттарының сайлау күніне кең байтақ республиканың барлық жерлеріндегі облыс еңбекшілері қызу әзірленіп, өндірістік және саяси өмір белсенділігімен келіп отыр. Қаладағы шағын двигателдер заводының коллективі ноябрь айында жалпы өнім шығару жөніндегі жоспарды асыра орындады. Ал «9-Май» кәсіпшілік артелінің мүшелері бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын, 1955 жылдың март айында орындағаны отыр. Ауыл шаруашылығының қызметкерлері мал қыстау маусымын үлгілі өткізу, көктемгі егіске тығыздықты әзірлену жолында қажырды еңбек етуде. Интернационалдықтардың үлкеніне іспен жауап бере отырып, Ленин атындағы, Булаев МТС-терінің механизматорлары тракторларды және басқа ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жөнінде социалистік жарыста қа-

қы саясаты — бейбітшілік пен халықтардың хауіпсіздігін нығайта беру екені мәлім. Міне, сондықтан да совет адамдары бүгін коммунистер мен партияда жоқтар блогі ұсынған кандидаттар үшін дауыс беріп, өздерінің бақытты тұрмысы, ерікті өмірі үшін, Коммунистік партияның басшылығымен коммунистік қоғам орнату жолында жаңа табыстарға жете беру үшін дауыс береді.

Партия, совет ұйымдарының және басқа қоғам ұйымдарының абройлы борышы сайлаушылардың сайлау пункттеріне тегіс келуін қамтамасыз етіп, олардың сайлау правоарының жүзеге асыруына жетісу болып табылады. Бұл үшін сайлау пункттерінің жұмысын оперативті ұйымдастырып, сайлаушылардың тілегін орындау қажет.

Сайлаушы жолдастар! Советтік демократияның тағы да бір жеңісі үшін, дүние жүзіндегі баянды бейбітшілік және халықтар хауіпсіздігі үшін дауыс беріп, коммунистер мен партияда жоқтар блогінің берік күшін салтанат етейік!

Бейбітшілік үшін, халықтар арасындағы достық үшін

Совет жұртшылығы өкілдерінің одақ, өзара көмек туралы француз-совет договорының оңжылдығына арналған жыйналысы

Совет халқы Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен француз республикасы арасындағы одақ және өзара көмек туралы договордың оңжылдығын кеңінен атап өтуде.

10 декабрьде Москва жұртшылығы өкілдерінің осы дақты күнге арналған жыйналысы болды. Жыйналысты бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитеті, Көпшіліктердің Бүкілодақтық Орталық Советі, шетелдермен мәдени байланысының Бүкілодақтық қоғамы, СССР Ғылым Академиясы, совет жазушыларының одағы, совет әйелдерінің антифашистік комитеті және совет жастарының антифашистік комитеті ұйымдастырды.

Одақтар үйінің Колонналы залы мейрамдағыдай безендірілген. Сахна жас гүлдермен және Совет Одағы мен француз республикасының мемлекеттік жалауларымен көркемделген. 1944-1954 деген цифрлар алтындай жарқырайды. Орыс және француз тілдерінде мынадай сөздер жазылған: «Бейбітшілікті нығайту мүдделері үшін Совет Одағы мен Франция халықтарының арасындағы достық және мынадай жасасын!»

Залға екі мыңнан аса адам — өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының озаттары, ғалымдар, жазушылар, студенттер, искусство шеберлері толық толды. Москвалықтар мұнда екі халықтың тарихындағы осы аса маңызды күнді атап өту үшін, өз отанының ұлттық тәуелсіздігі мен хауіпсіздігі жолында күресіп жатқан Францияның халқына, барлық француз патриоттарына сәлем жолдап, достық сөздерін айту үшін жыйналды.

Н. А. Булганин, Г. М. Маленков,

А. И. Микоян, В. М. Молотов, Н. С. Хрущев, Н. М. Шверник жолдастардың Президиумға келуін жыйналғандар ұзақ, дулошаналақтаумен құттықтап қарсы алды. Жыйналыста француз республикасының СССР-дағы дөтенше және полномочиялы елшісі Луи Жюк, француз елшілігінің қызметкерлері, Москвада тіркелген дипломатиялық өкілдіктердің басшылары мен қызметкерлері, француз жазушылары Луи Арагон мен Эльза Триоле, совет және шетел баспасөзінің өкілдері болды.

Совет жұртшылығы өкілдерінің жыйналысын кәсіпшілер одақтарының Бүкілодақтық Орталық Советінің Председателі Н. М. Шверник ашты.

Француз республикасы мен Совет Одағының Мемлекеттік Гимндері салтанатпен естілді.

«Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен француз республикасы арасындағы одақ және өзара көмек туралы договордың оңжылдығы» жайында баяндама жасау үшін РСФСР Министрлер Советінің Председателі А. М. Пузановқа сөз берілді.

Академик В. В. Виноградов, «Трехгорная мануфактура» мақта-мата комбинатының жұмысшысы Д. П. Смирнова, жазушы И. Г. Эренбург, жазушы А. А. Караваева сөз сөйледі.

Жыйналыста СССР Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов сөз сөйледі.

Кеш үлкен концертпен аяқталды. Орыстың және батыс-европалық музыка классикасының, совет және француз композиторларының шығармалары орындалды.

(СОТА).

Мемлекеттік мүддені қорғаушы, халық тілегіне сай қызмет істеуші — советтік сот сайлауы күніне қаладағы Сталин атындағы кәсіпшілік артелінің № 8 етік тігу мастерскойының барлық коллективі өздерінің лайықты тартуларын әкеліп отыр.

Цех коллективі мәдени-тұрмыс дәрежелері күн санап жақсарып, тұтыну талаптары өсіп отыратын совет еңбекшілерінің тілектеріне сай, олардың берген заказары мерзімінде және сапалы өндіру жолында қажырдылықпен еңбек етіп келеді.

Үстіміздегі жылдың өткен 10 айындағы өндірістік жоспар бойынша біздің цех 10 мың сомның өнімін шығаруға тиіс еді. Бұл мерзімде 11930 сомның жоғары сапалы өнімі шығарылып, алынған міндеттеме 116,2 процент болып орындалды. Осы өткен 10 айда еңбек өнімділігі артып, өнімнің өзіндік құны едәуір кемі түсті.

Біздің цехтың осындай жақсы көрсеткіштерге ие болуында менің де қосқан үлесім бар. Мен 1945 жылы 15 жасымда осы цехқа келген едім. Одан бері едәуір жылдар өтті. Мен де еңбекшілерге мықты, сәнді етік тігудің барлық әдісін үйреніп, өнімді еңбек ететін болдым. Үстіміздегі

жылдың өткен 10 айындағы өндірістік жоспарды 275,8 процентке орындадым. Ал соңғы ноябрь айындағы еңбек көрсеткішім бұдан да жоғары болып шықты.

Советтік Конституция туы астында туып өскен менің өмірім көзір қандай қызықты болса, болашағым бұдан да сәулетті болмақ. Сондықтан мен өндірісте озат еңбек етумен бірге білімді де көтере беруге міндеттімін. Өндірістен қол үзбей оқып, өткен жылы жеті класты үздік бітірдім. Үстіміздегі жылы сегізінші класта оқып жүрмін.

Бүгін мен де Советтік Конституция берген правомен пайдаланып, халық сенімін ақтайтын, совет заңын бұлжытпай іске асыратын халық судьялары мен заседательдеріне дауысымды беремін. Сөйтіп, бұдан былайғы күндерде де еліміздің экономикасының нығайуына, халқымыздың әл-ауқатын арттыра беруіне тиісті үлес қосу үшін өндірісте жанаямай еңбек етіп өз үлесімді қосатын боламын.

М. ЖУРБА,

Қаладағы Сталин атындағы кәсіпшілік артелінің № 8 етік тігу цехының етікшісі.

Бір күні селоға сот пен пристав, тағы басқа шонжарлар келіпті. Біз оны аңғармай, әдеттегідей тыным салынған революциялық өлеңдерді айтып жүрдік. Мұны естіп қалған сот пен пристав мені шақырып, жауап алды. Олар бұл өлеңдерді селода кімдер айтатынын, менің кімнен үйренгенімді сұрап қысты, қорқытты, ақырын жазірді, күш те көрсетті.

Міне, ол кездегі сот осындай еді, ат то

АЛҒЫС СЕЗІММЕН

Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінде-ақ майданға аттанған әкемнің қымбатты бейнесін мен сөз алдыма дәл келтіре алмаймын. Ол кезде мен небары 5 жаста ғана едім. Кейін шешем әкемнің менің және мен сыяқты миллиондаған жас бейнесінің бақытты болашағы үшін, оларға жарқын өмір берген советтік Отанға хауіл тудырып немесе басқыншыларына қарсы күреске аттанғандымын өңгіме ететін. Әкем осы күрес үстінде қаза тапты.

Бәзір мен қаладағы № 5 қазақ орта мектебінің VIII-классында оқып жүрмін. Мектеп жанындағы интернат-пансионда

мен дауыс беріп отырған сот — халық соты. Ол халық мүддесін қорғайды. Біздің қоғамдық және меншіктік мүлкіміз бен сәулетіміздің қорғаушысы. Осындай қамқоршыңды, тәрбиешіңді өз қолыңнан сайлаудан артық аброй, бақыт бар ма!

М. ТЕРЕЩЕНКО,

«Пущевки» артелінің жұмысшысы.

тәрбиеленудемін. Сол сыяқты інім де осы интернатқа қабылданған.

Бүгінгі күн менің өмірімдегі ең бір елеулі күндердің бірі. Бүгін алғашқы рет сайлауға қатысып, өзімнің азаматтық борышымды өтеймін. Өз дауысымды халқымыздың қалаулы ұлдары мен қыздарының кандидаттары үшін зор қуанышпен бере отырып, күнбе күнгі әлемдік қамқорлығы үшін сүйікті Отанымға, Коммунистік партияға шын жүректен алғыс айтқым келеді.

Қымбат РАМАЗАНОВА,

Қаладағы № 5 орта мектептің оқушысы, жас сайлаушы.

СЕМЬЯ ҚУАНЫШЫ

тәтті болады. Өзінің көп жылдық ас пісіру қызметінде мамандықты шебер меңгергендіктен құрмет тақтасынан бірде-бір рет түсіп көрген емес. Тұңғыш ұлы Равил Алматыдағы ауылшаруашылық институтын бітіріп, Петропавл ауылшаруашылық мектебінде жер қыртысының құрылысынан сабақ береді. Оның институтты бірге бітірген Жаксылық Исқақов, Балғабек Мұстафин сыяқты жолдастары облысымыздың МТС-терінде бас агроном болып істейді.

Ал қызы Сағида жәсіпорнының таңдаулы озаттарының бірі. Екінші қызы Разида қаладағы № 1 тігін мастерскойының таңдаулы мастеры. Жакында Кәрима ашай ортаншы баласы Рамидден хат алды. Онда: «Қымбатты ана, хал жағдайым жақсы. Отанымның шекарасын тіміскі жаулардан қырағы күзетіп тұрмын. Сіздердің бақытты бейбіт өмірлеріңізді, тыныштықтарыңызды бұзушыларға жол бермеймін» деп жазыпты. Фәра быйыл институттың екінші курсында, Фарида 10-класта, Гүлира 8-інші класта оқиды. Тек тоғыз жасар кенже ұлы Әнуар ғана жасының 18-ге келіп, институтқа баруын асыға күтіп жүр.

Семьяның бір айлық табысы 3500 сом. Советтік басқа семьялар сыяқты Айнижеев семьясы да бақытты тұрмыста тату-тәтті өмір сүреді. Үй жиһаздарының барлығы бар. Жақсы киінуге, ішінуге семьяның тапқан табысы толық жетеді. Олар одақтық және республикалық, облыстық газет, журналдардың онбір түрін

жаздырып алып тұрады. Олардың әрқайсысының сүйіп оқытатын газет, журналдары бар. Равил, Сағида, Разида «Правда», «Известия», «Казахстанская Правда» газеттерін оқыса, Фәра, Фарида, Гүлира «Комсомольская правда», «Ленинская смена» газеттерін ұнатады. Ал кішікентай Әнуар пионер газеті мен пионер журналына әуес-ақ.

Ерте оянған семья көпсеге шықты. Бұлар № 16 Ленин сайлау округінің № 11 сайлау пунктінде барып, өздерінің азаматтық борышын өтемек. Таң әлі білінер емес. Ағылған адамдар толқыны жөбіле түскендей. Егер осы адамдарды сол сағатта республикамыздың басқа жерлеріндегі ерте оянып, азаматтық борышын өтеу үшін сайлау пункттеріне қарай жұбын жазбай қадам басқан адамдарға қосатын болсақ — онда миллиондар толқыны, миллиондар шаттығы өн бойыңызға жаңа күш, жаңа жігер туғына тынына сөз жоқ. Айнижеевтер семьясы да осы ағылған жұрттың толқынына келіп қосылды. Бұл ағылған жұрт Айнижеевтердей қарапайым совет адамдары еді.

Олар бүгін халық соттарының құртымына өздерінің таңдаулы ұлдары мен қыздарын сайлайды. Сүйікті Отанымыздың жарқын болашағы үшін, халық тұрмысының мұнан да жақсы, мұнан да көркем болуы үшін коммунистер мен партияда жоқтардың блогі ұсынған кандидаттарға дауыс береді.

Империалистер билеген Америка, Англия, Франция, Батыс Германия елдерінде қарапайым халықтардың азаматтық

және саяси бостандығының болуы былай тұрсын, күн шөбісі мен өмір сүруінің өзі нешкен қайғы, нешкен ауыр. Оған мысал ретінде мына фактіні айту жеткілікті. Совет журналисі Л. Тюрип Грецияға барғанда Панаи деген кішісеге тұтқынның былай деп сұрайды:

— Панаи, сенің үйің қайда?

— Авероф түрмесінде.

— Сен қай жерде тұдың?

— Авероф түрмесінде.

— Сенің мамаң қайда?

— Авероф түрмесінде.

Нешкен қайғылы хал! Нешкен трагедия!

Ал Кәрима апайдың тоғыз жасар кенже ұлы Әнуар ше? Жоқ, ол мүлде Пәлиге ұқсамайды. Әнуар бақытты елдің, бақытты заманның баласы. Әкелері мен бабалары Коммунистік партияның басшылығымен қан төгіс майдандарда Әнуарларға, Разидаларға жаңа заман — коммунизм заманын орнатып берген. Ескі дүние қараңғы түнек капитализм бұғауын бұдан 37 жыл бұрын тас-талқан еткен. Ел билігін, бұқара бостандығын халықтың өз қолына аперген. Сондықтан да бүгін мерекелерідей әсем кінген, жүздерінен шаттық қуаныш лебі өскен жұртшылық сайлауға өздерінің қалаулыларына — коммунистер мен партияда жоқтардың блогі ұсынған кандидаттарға дауыс беруге жетеді.

Халқымыздың саяси-моральдық бірлігінің салтанатына айналған мұндай мереке тек біздің елімізде ғана болатын.

К. ЕСІМОВ.

Басшы кадрларымыздың санасы коммунистік моральға сәйкес болсын

Коммунистік партия Совет мемлекетін нығайтуға, социалистік демократизм принциптерін дәйектілікпен жүзеге асыруға, социалистік заңдылық пен правотәртіпін нығайтуға, мемлекеттік аппаратты жетілдіріп жақсарта беруге тынбас-тан қамқорлық жасап отыр. Партия мемлекеттік аппараттың жұмысын ала-сартууды, оны бұқараға жақындатууды, шаруашылық және мәдениет құрылысына ығұрлым нақты, жедел және маамандаған басшылық жасау мақсатын көздейді. Бұл істе басшы кадрларымыздың санаалдығы шешуші роль атқарады.

В. И. Ленин, мемлекетіміз бүкіл халықтың қолдауымен күшті, сондықтан мемлекеттік аппарат халықпен тығыз байланысты болуға тиісті, ал оның басшылары халқымызға үлгі көрсетіп, тәрбиеші болуға тиіс, сондықтан басшылық етудің басты шарты — адамдарды іріктел алу және істің орындалуын тексеру, деді.

Ұлы Ленин халық шаруашылығының басшылары, ұйымдастырушылары, тәрбиешілері және олардың санасы қандай болуға тиіс екенін көрсетті. Социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту дәуірінде мұның баға жетпес маңызы бар. Халық бұқарасы арасында нағыз ұйымдастырушы таланттардың орасан көптігіне қатты сенумен бірге Ленин партия мен халыққа социалистік құрылыстың жаңа ісінде, халқымызды қайта тәрбиелеу ісінде бізге «бітімшік, масасыздық орынсыз жүйдешілік те» кездесетінін ескертті. Лениннің бұл айтқандарының маңызы көзір де өте зор.

Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісінде басшы қызметкерлеріміз партияға көмектеседі. Халқымыздың біраігінің нығайып нәтижесінде елімізде басшылар мен қатардағы қызметкерлер арасында мүлдем жаңа қарым-қатынас орнады. Адамзаттың тарихында алғашқы рет социалистік мемлекетке шаруашылықтың барлық саласында басшы мен қатардағы қызметкерлер, жұмысшылар, колхозшы шаруалар бір-бірі қарсы тұратын күш емес, ескі буржуазиялық қоғамдағыдай мүдделері қайшы келетін адамдар емес, жолдас-тар болып отыр, ортақ мүдделес, ортақ мақсатқа саналы түрде ұмтылатын біртұтас өндіріс коллективінің мүшелері болып отыр. Еліміздің еңбекшілері өздерінің басшыларын ең алдымен қызметтес ұлкен, өнегелі тәрбиешісі, деп біледі.

Коммунистік партияның қамқорлығы арқасында елімізде партия, совет, шаруашылық, көпшілік одағының көптеген тамаша іскер басшылары өсірілді, олар істі айтарлықтай жақсы білумен қатар оны басшылықтың жоғары идеялығымен, мәдениеттілігімен коммунистік моральдың талаптарымен шебер ұштастыра біледі.

Марксизм-ленинизм принциптеріне негізделген коммунистік мораль еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуге көмектеседі, социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту жолындағы күресімізде қарыс-

қылықтар істеуі мүмкін. Мұндай адамдарға қарсы күресу керек.

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Пленумы бірқатар министрліктер мен ведомстволардың артта қалып келуінің басты себептерінің бірі — бұқараның басшылары кәсіпорындағы, колхоздар мен МТС, совхоздардағы өмірді жақсы біліп, адамдармен жұмыс істеуге, коллективте социалистік жарысты ұйымдастыруға, саяси-бұқаралық жұмыстарды ілең жүргізіп отыруға жете қоңіл бөлмейтіндігінде, коллективтің күшін бағаламайтындығында деп көрсетті. Бірқатар министрліктер мен ведомстволардың басшылары адамдар мен коллективтерден гөрі қағаздың, бұйрықтардың, нұсқаулардың «парменді» күшіне салынып, соған сенген. Мұндай кестемәде кейбір кәсіпорындарында социалистік жарыс ұйымдастырылмайды. Мұндай басшылар ұлы Лениннің Коммунистік партияның еңбекшілер бұқарасымен қарым-қатынасының, олармен тығыз байланыстылығының негізін сыйыптай келіп, оны «өзара сенім» деген қысқаша, бірақ маңызы өте терең пікірмен түсіндіргенін естен шығарады. Басшы өзінң қырамағындағы адамдарға және білуі керек, олардың сенімді аға жолдасы және тәрбиешісі болуы керек, алдын болжам, дұрыс басшылық өте білуі керек.

Біздің басшы кадрларымыз көпшіліктің төменнен көтерілген сын ескертулеріне оқшаптан серік болып, оны кең өрістетуге тиісті, қалың көпшіліктің өз елінің, өз коллективінің пәсімін деген сөзімін күшейтуі керек. Сонда ғана қалың көпшілік көпшіліктерді ығұрлым қорғап, сөзгіш болып тәрбиеленеді, көпшіліктер сол-ғұрлым тез жойылып отыратын болады. Еңбекшілердің сынына құлақ салмайтын, төменнен болатын сынды жақтырмайтын, сын ескертулер жөнінде шара қолданбайтын, көпшіліктерді түзеуге қыры жоқ, қайта өзара сынға қысым жасайтын басшы қызметкерлер халықтың, коллективтің кадрлеуіне тұрмайтын болады, бірте-бірте қатардан шығып қалады.

Бірақ басшылардың бәрі бірдей В. И. Лениннің Совет мемлекетінің күші қалың көпшіліктің саяси белсенділігінде деген нұсқауын толық ұғынды деуге болмайды. Бірқатар басшы қызметкерлер тек өзін ғана бағалай адамдардың дәрежесіндегі адам деп есептеп, мақтаншақтыққа салынып, менменсіп, қарауындағы қызметкерлермен, коллективпен келіспейді, ойласуды қажет деп санайды. Кейбір басшы қызметкерлер өз қарауындағы өндірістің ең қарапайым мәселелерін айыра білмейді, солай бола тұрса да, коллектив мүшелерімен ақылдасып, өндірістің өзі білмейтін мәселелерін зерттеп үйренбейді. Басшыға бағынатын коллективте көптеген талантты және өте маман жұмысшылар, инженерлер, техниктер, жаңаныңдар, шаруашылықты жақсы білетін адамдар бар екенмен есептеспейтіндер, елемейтіндер де бар. Басшының менмендігі ештеңе, коллективті мәңгімен қорғап, қорғап

сынап білуге шақырды. Жақсы беделді, сенімді және іскер қызметкерлерді қадірлеп жоғарылату үшін және коллективтің жалғау мүшелерін жазалау үшін біздің басшы кадрларымызға кең право берілген.

Жоғарылатудың және жазалаудың сәйкестік әдісінің коллектив мүшелерін коммунистік рухта тәрбиелеу үшін орасан зор маңызы бар. Жоғарылатудың және әділетті жазалаудың советтік тәртібі — капиталистік зорлық-зомбылық тәртібіне негізінен қарама-қарсы. Социалистік қоғамда жоғарылату — адамның қотам алдында сіңірген еңбегін коллективтің бағалап тануы, ал жазалау, мәжбүрлеу — көпшіліктің, қоғамның игілігіне ықтырылған, ынталанып жұмыс істегісі келмейтіндерге, капитализмнің адам санасындағы қалдықтарынан құтыла алмай жүргендерге, совет адамдарының коллективтің көрі сүйреушілерге басшының, көпшіліктің қолданытын әділ жазасы. Сондықтан әрбір басшы қызметкерді жоғарылатқанда немесе жазалағанда, мұны жұртшылықтың пікірі қолдаған жағдайда ғана оның тәрбиелік маңызы болатындығын естен шығаруға болмайды.

«Гітесем құртамын, мүмкін құтқарамын да» дейтін буржуазиялық салт-сананы қолданатын басшы коммунистік адамгершіліктің принциптерін өрескел бұзады, коллектив ишәде құрғақ өкімшілік, бюрократтық әдісін қолданып, қоғам жұмысына орасан зор зиян келтіреді, еңбекшілердің қолдауынан сөзсіз айырылады. Бұған республикада болған фактілерден мысалдар келтіруге болады.

Қазақстан Коммунистік партиясының VII съезі кейбір басшы қызметкерлер кадрлармен жұмыс істеудегі жауапкершілігін ұмытып, кейбіреу кадрларды ағайынтұнқандық, тамыр-таныстық, жерлестік бойынша іріктеліп алып жоғарылатқанын көрсетті. Кейбір жағдайда басшы қызметке дәріпті жоқ қызметкерлер жоғарылатылған, ал оның бер жағында жарлығы бар, қабілетті, өзін істе көрсеткен кадрлар қатарында қалып қойған. Кадрларды іріктеліп алуда партияның принциптері бұзылып, кадрларды іскерлік және саяси жағынан қарамай, қайта семьяшылықпен, тамыр-таныстықпен іріктеліп алып жоғарылату фактілері болған. Жұмыстың бір уақыттың ақсатқалы қызметкерлер көп жағдайда орынды сынға ашыпай, басқа басшы қызметке қойылған. Мұның өзі кадрларды дұрыс тәрбиелеуге көмектеспей, қайта қызметкерлердің кейбір бөлегі арасында жауапкерсіздік, менмендік, жағымпаздық тұдырған. Бұл қоғам жұмысына зиян келтіретін сөзсіз.

Республикада шаруашылық және партиялық-саяси жұмысқа басшылық етуде, кадрларды іріктеліп алу, жоғарылату және тәрбиелеу ісінде болмап елеулі кемшіліктер мен қателіктердің, ККП-ның VII съезі көрсеткеніндей, ең басты себебі сол, Қазақстан КП Орталық Комитетінің бұрын-

ды, оны сыйламайтын болады, оған сенбейтін болады, аға жолдас, тәрбиеші деп қарамайтын болады.


Әрбір басшы кадрларымыз өзіне бағынатын адамдармен мәдениетті, сыйлайы болуды да өзінң борышы деп қарауы қажет. Бюрократтық, өрескелдік, ақырын-ақырындық, қыр көрсетушілік мұндай «стильді» қолданушының да, бұл «стильден» амалсыз жөбір, қорлық көрушінің де адамгершілігіне нұқсан, кемшілік келтіреді.

Басшы кадрлардың коммунистік мораль талаптарының бірін бұзуы оның басқа қағидаларын бұзуға өкеліп соғады, өйткені мораль жөнінен айтарлықтай тұрақты емес басшылар коммунистік моральға жаппайтын қылықтарға жол береді.

Жергілікті партия ұйымдарының жұмыс тәжірибесінде мынадай теріс түсінушіліктер кездесіп жүр. Мысалы, кейбір партия комитеттері басшы қызметкерлердің коммунистік моральдық, адамгершілік бейнесі туралы мәселені қарағанда, коммунистік мораль ұғымын шектеп, көбінесе тұрмыста теріс қылықтарды — маскүнемдікті, семьяға адал қарамаушылықты және сондайларды ғана моральға жат қылық деп санайды. Ал басшы қызметкерлердің мемлекеттік тәртіпті бұзуы, жоспарды орындауды қамтамасыз етпеуі, менмендігі мен төрешілігі, сынға қысым жасап, сынаған адамдарды құдалауы, жұмысқа салқын қараушылығы, мақтаншақтыққа салынуы, басталған істі аяқтамауы, жанды басшылықтан қол үзіп, қағаздың күшіне сенуі және басшының қызмет орынына байланысты басқа да теріс, санасына сіңіп қалған ескілік әдеттері тек мемлекетіміздің праволық, заңды қағидаларын ғана бұзғандық деп қарайды. Мұндай теріс түсінушілік кейде партия комитетінің біржақты шаралар қолдануына себеп болады.

Советтік право принциптері мен коммунистік мораль принциптерін бір-біріне қарсы қоюға, немесе бір-бірінен айыра түсінуге бола ма? Жоқ, болмайды. Өйткені бұл екеуінің де принциптері бір-біріне дәл сәйкес келеді және бұлардың екеуі де бір ғана мақсатты көздейді. Мысалы, совет сотының соттауына жататын теріс қылық, адамгершілікке жат іс қалың жұртшылық пікірінің соттауына да сөзсіз жатады. Сондықтан бұл бірлікті ұмытушылық кадрлардың коммунистік рухта тәрбиелеу жұмысына орасан зор нұқсан келтіріп, кедергі жасайды.

Басшы кадрларымыздың коммунистік санасын дамыту — ең алдымен іске коммунистік көзқарастың, басшылардың еңбекшілер бұқарасымен тығыз байланысты болуының және бұқараға дұрыс басшылық етудің зор маңызы шарты. Дәурені өткен капитализмнің адам санасындағы қалдықтарына қарсы күрес жаңа өсім келе-жаңқан коммунистік сананың жеңуі арқылы жүзеге асырылады. Бұл ескі, өшіп бара жатқан сана мен жаңа өсім



Москва. Бесінші бесжылдың жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты өріс қатарлы 13 өнеркәсіп орындарының бірі — Владимир Ильич атындағы завод. Завод үш жыл тоғыз айдың ішінде 1955 жылға белгіленген жоспарды кәсіпорнында еңбек өнімділігінің артуы 70,5 процент болды. Заводтың тоқары А. С. Смирнов көзірдің өзінде 1956 жылдың есебіне өнім шығаруда. Ол октябрь айының жұмыс нормасын 282 процент орындаған.

СУРЕТТЕ: Аспаптар цехы. Тоқары А. С. Смирнов жұмыс үстінде. (СОТА-ның фотохроникасы).

Станция жұмысын шұғыл жақсартайық

Жақында Петропавл станциясы коммунистерінің ашық жыйналысы болып өтті. Мұнда станцияның халық шаруашылығына қажетті жүктер тасуда жөн-жолаушылар поездарын алып жүруді елеулі кемшіліктерге жол беріп кел-жақандығы жөнінде мәселе қараалды. Жыйналысқа қатынасқандар жұмыс, кездесіп отырған кемшіліктердің бетін ашып, оған кінәлі адамдарды қатты сынады.

Станция жөзешісі коммунист Емельянов жолдас өзінң сөзінде былай жеді. —Омбы темір жолындағы алдыңғы қатарлы темір жол тораптарының бірі — біздің Петропавл темір жол торабы болып келген еді. Көзір біз ол дәрежеден мүлдем төмендеп қалдық. Үстіміздегі жылдың өткен он айында жүк тиеу жоспары небәрі 94,2 процент, ал жүк түсіру жоспары 81 процент ғана болып орындалды. Поездарды қабылдау, оларды жөнелту жұмысында да елеулі кемшіліктер кездесіп отыр. Соның салдарынан жыл бойына поездарды қабылдау және жөнелту жоспары 75 — 80 проценттен артап келеді.

Бұл кемшіліктердің бәрін ол станция жұмысының жақсартқан жоспар бойынша дұрыс жүргізілмеуінен деп түсіндірді. Осыған барып жол торабының барлық саласында еңбек өнімділігі арттырылмай жұмыста кемшіліктердің көп келетініне

қалуына маневр диспетчерлері тікелей кінәлі. Сондай-ақ ноябрь айының 19-наы 28-не дейін Қарағанды станциясына жіберілуге тиісті № 525984 және Қурган станциясына жіберілетін № 162064 цистерна тағы басқа вагондар мерзімде келетіндігі.

Жүк тиейтін үйдің жұмысшысы Романенко жолдас жыйналғандардың назарын вагондарға жүк тиеу жұмысында кездесіп отырған кемшіліктерге аударды. Ол жүк тиеуге берілетін вагондардың ұақытылы тиелмей, графика жоспарын орындамай отырғандығын айтты. Онымен бірге, жүк тиеушілер бригадалары өндіріс уақытын толық пайдаланбайтындығын атап көрсетті. Мұның өзі мемлекеттің мыңдаған сом қаржысын жоспардағыдан артық жұмсауға өкеліп соқты. Кейбір уақыттарда жүк тиейтін үйдің алдында ондаған вагондардың босқа тұруы да жиі кездесіп келеді. Мәселен, 28 ноябрь күні 64 вагон, 29 ноябрь күні 75 вагон жүк уақытылы тиелмедендіктен босқа қарап тұрды. Романенко жолдас Петропавл станциясының партия, кәсіподақ ұйымдары басшыларының жұмысқа жанды басшылық қылап амай отырғандығын және олардың коллективпен байланысының аз болып келетінін батыл сынап алды. Сонымен бірге, жоспардың орындалуына

лизмін адам санасындағы қалдықтарына қарсы күресімде қуатты құрал болып табылады.

Коммунистік сана қағидалары барлық басшы қызметкерлерге, олардың жұмыс істеу және еңбекшілермен тығыз байланыс жасау әдістеріне зор талаптар қояды. Жоғары идеялық, принципшілдік, адалдық, коммунистік кішіпейілділік, даурығушылық, мылжындылық, бюрократтыққа төзбеушілік, темірдей төртінгі бұлжыпай жүзеге асырушылық, байсалды ойлы, істе ташқыр, өзіне және басқаға сын көзмен қараушылық, сын мен өзара сынды өрістете білу, еңбекшілердің төменнен көтерілген үніне құлақ қоя білу басшы совет қызметкерінің негізгі моральдық қасиеттері болып табылады.

Коммунистік санаға толық сәйкестік тұрғысынан алып қарағанда іс мүддесі басшының коллективке сенбестігінен қарамауын, социалистік өндірістің, шаруашылықтың барлық салалары мен мәдениеттің барлық маңызды мәселелерін коллективпен бірге шешуін қатаң талап етеді. Мұнан басшы адам әрбір нұсқауды немесе бұйрықты жазу үшін коллективтің жалпы жыйналысын шақыруға тиіс деген мағына шықпайды. Мұндай басшы олақ, принципсіз, жігерсіз, жұмысты басқара білмейтін сорлы басшы болған болар еді. Жоғарыдағы айтылғанның мәнісі—басшы қызметкер өзінің кабинетіне тығылып отырып қалмауға, өмірге терезеден қарамауға, өмірден артта қалып қоймауға тиіс деген сөз. Басшы фабрика мен заводтың, колхоз бен совхоздың, мекеменің ісін тек өзінің жеке басының ісі деп қарамауға тиіс. Ол өзіне бағынатын қызметкерлер мен жұмысшыларға, колхозшыларға бірлікте шешілуге тиісті міндеттердің коммунистік құрылыс үшін өте күрделі екендігін түсіндіре білуі, коллективтің алдына алдағы істің болашағын ашып көрсете білуі, мақсатты іске коллектив мүшелерін ынталы түрде ұйымдастыру білуі, олардың жауапкершілік сезімін арттыра білуі керек. Олай болмағанда мұнда басшының коллективтен бөлініп жалғыз қалуы мүмкін, ал мұндай жалғыз қалған басшының түк істей алмай қала-тындығы сөзсіз.

Өздерінің социалистік кәсіпорындарындағы маңызды жұмысына қалай болса солай, құрғақ іскерігендіктен қарайтын басшылар бізде әлі де көптің көлемдерінде қалып жүр. Кәсіпорны өндіріс програм-масын орындамай отырса, финансы тәртібі бұзылса, сапасы нашар өнім шығарылса, колхозда, совхозда егіс жоспары орындамай отырса, егісті баптау, күту жұмысы нашар болса, астық ташыру жоспары орындамай жатса, ондай басшылар бұған қыянжылмайды, қабағын да шытпайды. Кейбір қызметкер колхоз өндірісінің ең қарапайым мәселелерін айыра білмейді, солай бола тұрса да, ауыл шаруашылығының мәселелерін зерттеп үйренбейді. Мұндай басшы адамдар коллективті ұйымдастырып, бар мүмкіншілікті іске пайдаланып, көздерінен көшіліктерді жоюдың орнына, өзінің жұмысы туралы көзбояушылық жасауы, жалған мәліметтер беруі және мемлекет мүддесіне басқа да жат

өсуі коллектив мүшелерінің намысына тиесілі, олардың инициативасы мен жігерін тойтарыды, «бөріміз біздің ұсынысымыздан пайда жоқ, өйткені оған құлақ аспайды» деген пікір тұрғыда. Сөйтіп бастық пен оған бағынатын адамдар арасында күннен күнге наразылық күшейе береді. Коллектив мүшелерін коллективизм рухында тәрбиелеу жұмысы нашарлап, дарапшылдық тенденциясы аққына бастайды.

Басшылық етудің кансепшілік-бюрократтық етілі партия, совет, шаруашылық қызметкерлердің назарын жанды істен, партия мен үкметтің қарарларын орындау жолындағы күреске еңбекшілерді жұмылдырудан басқа жаққа аударады. Керекті мәселелерді шешуге кедергі болады, жауапсыздық тудырады.

Бюрократтық — капитализмнің адам санасындағы қалдықтарының зиянды түрінің бірі. Біздің кейбір басшы қызметкерлеріміз коллектив мүшелерінің, еңбекшілердің қойған тілектері мен жазған арыздарына кезінде көңіл бөлмейді, жұмыспен келген адамдарды уақытында қабылдап отырмайды, кеңесшілікке, қағаз бастылыққа салынып, мәселені кезінде шешпейді, іске жаңды басшылық жасамайды, тек қағаздың күшіне сенеді. Мұндай жарамсыз басшылықтың етілін сынаған адамды өлдерей жек көреді, түрлі жолдармен, амал-айламен оған қысым жасау жолына түседі. Біреудің болмашы кемшіліктерін теріп, өзінің үлкен кемшіліктерін елемейтін басшы коллектив алдында беделсіз болатыны сөзсіз. Кеңесшілік, бюрократтық, тек қағаздың күшіне сенушілік, төре-шілдік, өмірден артта қалып қонышылық сөзсіз мәрт қызметін әдет екендігін өмірдің өзі толып жатқан мысалдармен дәлелдеп көрсетуге. Халық шаруашылығына және мәдениет құрылысына дұрыс басшылық етудің шешуші шарты—партия мен үкметтің қарарларын орындауды үнемі және жедел тексеріп отыру. «Бізге, керекті—деп көрсетіп болатын ұлы Ленин,—адамдардың іске жарамдылығын тексеру, істің нақтылы орындалуын тексеру... Адамдарды тексеру және істің нақтылы орындалуын тексеру — бүкіл жұмыстың, бүкіл саясаттың тетігі енді осында, тағы да осында, тек қана осында» (Шығар., қазақшасы 33-том, 222—223-беттер).

Сөз бен істің бір жерден шығуы, қарар қабылдаудың және оны орындаудың бір жерден шығуы міне, бұл—дұрыс басшылық етудің негізі. Басшылықта сөз бен істің арасындағы айнақтыққа, құрғақ әдемі сөздер мен жарамсыз практика арасындағы айнақтыққа төзуге болмайды. Мұның өзі басшының сөзсіз, беделін түсіреді, оның талап қоюға моральдық правосын жояды, аға жолақ және төрбиені деген ардақты сенімінен айырады, бірте-бірте коллективке, халыққа жек көріліміңі қалға түсіреді, сөйтіп оны бір-те-бірте қатардан шығарып тастайды.

В. И. Ленин басшы қызметкерлерді, жағыз ұйымдастырушыларды, байсалды ойлы, істе ташқыр, еңбекшілерді тәрбиелей білетін, социализм ісіне шын берілген адамдарды сақтықпен, төзімділік пен

шыншылдықпен шаруашылық қолданысқа етіліп бұзылған, сын мен өзара сын болмаған. Мұның өзі жайбарақаттық пен төлемей-дәніншіліктің зиянды көзқарастарын тудырады. Басшылықтың мұндай жарамсыз етілі» болыпты. ауданның, өндіріс пен колхоз, совхоздардың басшы қызметкерлерінің, басшы кадрларымыздың салт-санасы мен жұмыс әдістеріне әсерін тигізгендігі сөзсіз. Партия кадрларды іріктеп алудың лениндік принципі бұл сияқты өрескел түрде бұзуды бағыл жоқшы, партия орындарының кадрларды өрттеу және іріктен алу жөніндегі жұмысын өте-өте жоғары дәрежеге көтеруді, қабылдаған қарарлардың орындалуын үнемі тексеріп отыруды, жолға қоюды қатаң талап етеді.

Қазақстан Коммунистік партиясының VII съезінде делегаттардың сөйлеген сөздерінде сынды тындамайтын, тіпті сынаушылардың соңына түсетін басшы қызметкерлер туралы фактілер көрсетілді. Сынақ қысым жасау фактілері Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Қостанай және тағы басқа облыстардың партия, совет, шаруашылық ұйымдарында да болған. Сын мен өзара сынақ мұндай өрескел қысым жасап, құдалау еңбекшілердің күн санап өсіп келе жатқан саяси белсенділігіне кедергі болатын, оның өркендей беруіне, сана-сезімінің арта беруіне бөгет болатын зиянды қылық өкені сөзсіз. Сонымен қатар мұндай қылық басшы қызметкерлердің көпшілік арасында беделін түсіретін іс болып табылады.

Партия еңбекшілердің тұрмыс қажетіне және мәдени тілегіне басшының көңіл бөлуінің еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу үшін маңызды орасан зор деп үйретеді. Коммунистік партия басшы кадрлардың еңбекшілерге үздіксіз көңіл бөлуін талап етіп келеді және талап етіп отыр. Партия басшыларға өзінің қарауындағы адамдарды басшының дегенінен шықпайтын құрал деп қарау емес, коммунизм үшін күрестегі жолдастары деп, өздерінің барлық қажеттеріне, оның ішінде тұрмыс қажеттеріне де көңіл бөлуін талап ету правосына лайықты адамдар деп білуін, құрметтеуді үйретеді және талап етеді.

Коммунистік партияның бұл нұсқауын ұмытқан басшының сәтсіздікке ұшырауы сөзсіз. Оның себебі неде? Кейбір кадрларымыз жоғары басшылық қызметке болып, үлкен көлемді мәселелерді шешіп отырғандықтан «ұсақ-түйектен» қол үзуге, ондай істерді менсінбеуге болады деп есептейді. Тұрмыс мәселелері жөнінде жәрдем сұрап келген адамдарға ашуланып, қыр көрсетіп, әкімшілік етіп, кейде адамды қорлап сойлеп, оның ар-намысына тиетін басшылар да жоқ емес. Тың және тынайған жерлерді игеру бүкілхалықтық іс болып табылады. Қазақстанға жаңа жерлерді игеруге келген патриоттарды қызметке тез орналастыруға, олардың тұрмыс жағдайларына немқұрайды, формальді қарау фактілерінің бар екені байқалады. Сондықтан қатардағы қызметкерлер мұндай басшыны рақымсыз, өздеріне төрешілікпен менсінбей қарайтын адам деп орынды есептей бастай-

ламыз. Жалпы коммунистік санадың арасындағы күрестің диалектикалық заңын білмеген басшы өмірден артта қалып қойған саяси соқыр басшы болып табылады. Мұндай басшы өзінің артта қалғандығымен көзін ала басып зиялы келтіреді. Кейбір басшы кадрларымыздың коммунистік моральға жат барлық қылықтарының негізгі себебі — олардың идеялық-теориялық білімінің төмендігінде, өмірге ілесе алмай, артта қалып қолында. Партияның XIX съезінде жасалған бағдарламасында Г. М. Маленков жолақ көбінесе біздің басшы кадрлардың біразы өздерінің саналылығын арттыру қамын істемейді, өздерінің марксизм-ленинизм жөніндегі білімдерін толықтырып отырмайды, партияның тарихи тәжірибесімен өз білімдерін толықтырып отырмайды. Ал мұны өзі жетілген толық құнды басшы болуға болмайды, өз білімін үздіксіз арттырып отыратын, марксизм-ленинизмді творчестволық жолмен меңгеріп отыратын басшы қызметкерлер ғана біздің партиямыздың міндеттерінің дәрежесінде бола алады, деді.

Бізгі кезде коммунистік құрылыстың орасан зор тарихи міндеттері СОБП Орталық Комитетінің сәуір, февраль-март және июль пленумдарының қаулы-қарарында көрсетіліп, бірінші кезекке қойылып отыр. Партия еңбекшілерді еңбек өнімділігін арттыру жолындағы, елімізде азық-түлік молшылығын жасау жолындағы күреске жұмылдыруда. Бұл міндеттерді орындау, партияның XIX съезіндегі бағдарламасында Г. М. Маленков жолақты көрсеткеніндей, «біздің қоғамдық және мемлекеттік құрылысымызды барынша нығайта беруді, совет адамларының саяси белсенділігі мен патриотизмін бұрынғыдан да гөрі күшейте беруді, біздің еліміздегі халықтардың моральдық-саяси бірлігі мен достығын нығайта беруді» керек етеді.

Басшы кадрларымыздың міндеті—партия, совет және шаруашылық ұйымдары жұмысының етілі мен әдістерін жетілдіру, негізгі назарды мәжілістер мен кеңестер өткізуге, қаулы қарарлар қабылдап, көп бұйрықтар жазуға емес, еңбекшілер арасында ұйымдастыру, саяси-ағарту жұмыстарын күшейтуге аудару. Партиялық тұрыс басшылық ету үшін қалың бұқарамен тығыз байланысты болып, оның арасында көбірек болу керек, халықтың күнделікті өмірін жақсы білу керек, олардың инициативасынан туып отырған барлық жаңалықты, озаттықты көріп, қорықта білу керек, ескіліктің барлық көрінісіне қарсы еңбекшілерді ұйымдастыра білу керек. Сын мен өзара сынды өрістете білу керек. Бұқарамен жанды қатынас жасау, өмірді терең білу, жұмыста коллективтік принципті қатаң сақтау, еңбекшілерге еңбек процесінде дұрыс тәрбие бере білу—дұрыс басшылықтың негізі. Еңбекшілердің коммунистік сана-лығының артуы барлық кедергіні, ескірі, заманы өткенді ойдағыдай жоюға көмектеседі, коммунизмге жету жолымен біздің алға басуымызды тездетеді.

3. БЛАҚБАЕВ.

өзіндік соқты, шын өзініңсіз поздарды қабылдау және жөнелту жөнінде жоспар жасаған. Амақ не, ол жоспарды көрсетіп-тен мерзіммен поздарды қабылдау жөнелту уақыты қабылдайды. Себебі жол пайдалану бөлімінің бастығы Ионтон жолақ жоспардың орындалуына назар аударылмай келеді.

Жыйналыста қатысқандар жол торабы жұмысшыларының арасында еңбектегі бірлестіктің нашар екендігін, мұның өзі халық шаруашылығы жүзеге келуі және мерзімде тұсуға, жолшығар поздардың белгіленген уақытта қабылдап, жөнелтіп отыруға жері әсерін тигізіп келгендігін атап айтты.

Техникалық қондырғы бастығы Петров жолақ позд құрстырушылар мен жөкелеген маневр диспетчерлерінің еңбек тәртібін сақтамайтынын қатты сынағанды. Вагондардың бос тұрып қалуы соңғы кезде өте көбейіп кетті. Солай бола тұрса да, станцияның кейбір жұмысшы-қызметкерлері өз міндеттеріне жауапсыз қараудан әлі де болса арыла алмай келеді. Металл тиелген № 1283366 вагон Курган станциясына 10 ноябрьде жөнелтілуге тиісті болса, ол тек 28 ноябрьде ғана жөнелтілді. Бұл вагонның Петропавл станциясында көп уақыт бос тұрып

лар, немесе жөкелеген жұмысшылардың жіберген қателіктерін уақытылы ескертпелі, оларға пайдалы көмектің аз көрсетіліп отырығандығын да айтты.

Маневр диспетчері Байдуков жалпы техникалық бөлімнің жұмысы әлі де болса қанағаттанарлық дәрежеде жүргізілмей отырғандығын, техникалық бөлім өндіріс орындарының іс тәжірибелерін көпшілік іргілігіне айналдырмай отырғандығын айта келіп, советтік саат техника мен технологияның өндіріске көйіне енгізілмей келгендігіне тоқталды. Осындай сын және өзара сын дәрежесінде өткізілген жыйналысқа қатысушылар Москва қаласының алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап шығу жолындағы социалистік жарысты өрістетуге шақырған патриоттық бастамасын қызу қолдай отырып, СССР-ны өркендетудің бесінші бесжылдығын мерзімінен бұрын аяқтап шығуға, ол үшін пайдаланылмай келген ішкі резервтері мен мүмкіншіліктерін толық есептеп іске қосуға міндеттенді.

Я. ГРОЙСМАН.

ҚНП қалалық комитетінің нұсқаушысы.

МОТОР ЦЕХЫНДА

Қазақ ССР халық соттарын сайлау жұмысының социалистік жарысқа ұшпа-са отырып, Совет ауданының МТС, совхоз механизаторлары машина, трактор көнделуі жоғары көрсеткіштерге ие болуда. Олар күнделікті ташырмақарын асыра орындаумен қатар, жұмыстың жоғары сапада болуын қамтамасыз етіп отыр.

Сайлау қарсаңындағы жарыста Сарторм МТС-індегі мотор цехының поршень-группасын басқарушы В. Колесник, слесарь И. Попп жолақтар еменалық ташырмамы 120-130 процентпен, ал токарь А. Вагнер жолақ 110-125 процентпен орындап келеді.

Жөндеу ісінде үлгілі көрсеткішке ие болып келе жатқан озаттар Шағлы МТС-інде де көптеп саналады. Мысалы, токарь В. Ситников, ұсталар Г. Макаров және А. Камерлов жолақтар үнемі біржарым нормалан орындап жүр.

МЕРЕКЕ КҮНГІ КОНЦЕРТТЕР

Қаланың кәсіпорындары мен оқу орындарының көркемөнерпаздар коллективі сайлау күні сайлаушылар үшін концерттер көрсетуге қызу дайындалған болатын. Олар бүкілхалықтық мереке — сайлау күні қала еңбекшілерін мәдени кемтуді өздеріне мақсат еткен-ді.

Қаладағы Ленин атындағы теміржолшылар клубының көркемөнерпаздар коллективі сайлау күні № 35, 36, 37 және 38 сайлау участогіне дауыс беруге келген сайлаушыларға концерттер көрсетті. Концерттің программасында совет композиторларының музыкалық шығармалары мен әндері, орыстың және басқа халықтардың халық әндері бар.

Ойқалалағы үй шаруасындағы әйелдер-

Сайлау құрметіне социалистік жарысты кең өрістетуілердің бірі—Қыялы астық совхозының жөндеуші-механизаторлары. Быйыл мұнда алғаш рет тораптық өдіс қолданылып отыр. Бұл—жөндеудің сәтасы артып, жөндеу мерзімі әлдеқайда қысқартылады деген сөз. Мастерскойдің іші жылы, механизаторлардың еңбек өнімділігін арттыруына бұл қолайлы жағдай жасалған.

Совхоз механизаторлары сайлау алдында алған міндеттемелерін ойдағыдай атқаруда. Мәселен слесарь Қожақметов жолақ еменалық ташырмамын 275 процентке дейін орындайды. Сол сияқты Пономаренко, Кабр, Фрейберг жолақтар да ташырмамын 150-200 процент етіп орындаушылар болып есептеледі.

Аудан механизаторлары сайлау күніне бұдан да жоғары өндірістік көрсеткіштермен келу үшін аянбай еңбектенуде.

С. ҚАЮМОВ.

Жастар, ауыл шаруашылығы өндірісіне белсене қатысындар!

Сөз ауыл шаруашылығының озат жастарына беріледі

ЖАҢА ҚҰРЫЛЫСТАР

Жаңадан құрылған Булаев астық совхозының коллективі үстіміздегі жылы тың жер игеру жоспарын едәуір асыра орындады. Атап айтқанда келесі жылдың егістері үшін жоспар бойынша 21 мың гектардың орнына, 23500 гектар тың көтерді.

Бұдан 10 ай бұрын шатырларда ғана тұрған совхоз жұмысшылары орталық усадьбаны көп үйлі, көркікті поселкаға айналдырды. Аз уақыттың ішінде 32 тұрғын үй салынып, пайдалануға берілді. Бұлардан басқа тағы да 30 объектінің құрылысы жұмыстары аяқталды. Құрылыс жұмыстары жұмыста аяқталатын 6 тұрғын үй кешікпей тағы да жұмысшылардың пайдалануына беріледі.

Совхозда алғашқы жанған май шамының орнына кәзір Ильич шамдары пайда болды. Көшелерде, көпшілік орындардың алдында жанған электр шамдары түнгі уақытта поселканы жарқыратып, әсем көрік беріп тұрады. Кәзір совхозда 180 радиоточка жұмыс істейді.

Жаңа совхоз коллективінің құрылыс жұмыстарындағы қол жеткен табыстарына комсомол жастардың қосқан зор үлесі бар. Мәселен, Мусин жолдас басқарған комсомол жастар құрылыс бригадасының мүшелері сегізпәтерлі екі, төртпәтерлі үш, екіпәтерлі бір үй құрастырды. Сол сияқты, жергілікті құрылыс материалдарынан монша, мастерской, астық қоймасы құрылыстары салынды.

ӨСЕ БЕРУ—ДӘСТҮРІМІЗ

Егін жыйнау—ауылшаруашылық жұмыстарының тағдыры шешілетін кезең. Механизаторлардың жыл бойғы еңбегінің жоғары көрсеткішке жетуі де егін жыйнау науқанының үлгілі өткізілуіне тікелей байланысты. Бұл осы учаскедегі басты тұлға—комбайншылардың жауапкершілігін одан сайын арттыра түседі.

Менің комбайншы болып істегеніме бытыл үшінші жыл. Осы уақыт ішінде ұлағай Совет МТС-нде істеп келемін. Бірінші жылы мен ескі комбайнмен 30 жұмыс күні ішінде 466 гектар жердің егінін жыйнадым. Екінші жылы маған жаңа «Сталинец—6» комбайны бекітілді. Онымен бір маусымда 886 гектар егін жыйнап, МТС бойынша бірінші орынға не болдым.

Біздің бытылғы жылғы жұмысымызда өткен жылдардан өзгешіліктер болды. Өйткені бытыл мен бірінші жыл тіркеулі қос комбайнмен істедім. Агрегат сос тағы 9 адамнан құрылды. Мұндай жағдай жұмыстың өнімді болуы үшін әр-

Тыңдағы қайнаған еңбек

Тың жер көтерудің алғашқы апталарында біз көптеген қиыншылықтарға кездестік. Өнерсе трактор жүргізудің әдістерін әлі де болса еркін жете меңгермегендігіміз, тіркеу құралдарын дұрыс және өнімді пайдалана алмайтынымыз айқындалды. Сондықтан біз әрбір жұмыс күнінің аяғында сол күнгі жұмыстың қорытындысы және кездескен кемшіліктер мен оны жою жолдары туралы үнемі өңімізге өткізуді ұйғардық. Бригадада комсомол ұйымының секретары Побелев жолдасты ұсынысы бойынша әлі де болса тракторшылық мамандығын жете меңгере алмай жүргендерге тәжірибелі механизаторлардың көмегін ұйымдастырдық.

Мамандық арттыру жолында ізденушілік өсінің игі нәтижесін берді. Жас механиктер техниканы шебер меңгеру арқасында жұмыс өнімділігін де арттыра түсті. Мәселен, жас тракторшы Виктор Гордеев пен Иван Максименко алғашқы кезде күнделік норманы орындай алмаушылар қатарында болып жүрсе, кейіннен олардың күнделік көрсеткіштері 130-140 проценттен кемейтін болды.

Біздің бригаданың коллективі тың жер игерудің жылдық жоспарын 5 июльге дейін толық орындауға міндеттенген болатын. Жас механизаторлардың қажырлы еңбегі нәтижесінде бұл міндеттеме абыроймен орындалды. Демек, бригада 2600 гектар тың жер игерудің орнына 3000 гектар тың жер көтерді, міндеттемені мерзімінен бес күн бұрын орындауға жетісті. Сонымен бірге 22 тонна жанар және жағар май үнемдеді. Бригада механиктер 1955 жылдың егісі үшін барлығы 4000 гектар жер жұмыстады.

Біз бұл табысқа енаалдымен өз мамандығымызды шебер меңгеру арқылы жеттік. Бригада мүшелері өздерінің жас механиктер екендігіне қарамастан қысқа мерзімде тракторшылық мамандығын ойдағыдай меңгере алды. Сонымен қатар жұмыс уақыты өнімді және дұрыс пайдалану еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіншілік берді. Мәселен, біз бұрын тракторларға май құю үшін бір сағатқа жуық уақыт жұмсайтынбыз. Соңынан біз бұл

жұмыстан 25-30 минут уақыт үнемдейтін болдық. Аға тракторшы трактордың мотор бөлімін майлауға кіріскенде, екінші тракторшы тіркеу құралдары мен трактордың басқа бөліктерін тексереді, ал тіркеуші мен екінші тракторға май құяды. Кейіннен біздің бұл әдісімізді барлық совхоз механизаторлары қолданатын болды.

Бригада мүшелерінің көпшілігі жаңалық таңқыштар болып табылады. Мәселен, жас тракторшы Николай Шульженко тракторға тіркелетін П-3-36 плугіне тағы бір түрлі тіркеу жөнінде ұсыныс жасады. Өйткені «С-80» тракторы бес түрлі плаушпен өкініш жылдамдықта өтсе, жеңіл, ал үшінші жылдамдықта өте ауыр жүреді. Бұл ұсынысты өндіріске енгізу арқылы біз еңбек өнімділігін едәуір арттырдық. Ал бұл сияқты еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар бізде бірнешеу болды.

Бригада коллективі тракторларды жөндеу жұмысына қызу қарқынмен кіріскен болатын. Біз енаалдымен тракторларды совхоздың орталық усадьбасында емес, бөлімшенің өзінде жөндеуді ұйғардық. Ол үшін өз күшімізбен трактор гаражын жасадық. Сол сияқты өзімізге төрт тұрғын үй, асхана, монша, клуб және үстел үйлерін салдық. Олардың бәрине негізінен жергілікті құрылыс материалдарын пайдаландық. Тракторларды жөндеуді жергілікті жерде жүргізудің нәтижесінде біз жөндеу жұмыстарын жазірің өзінде толық аяқтап шықтық.

Социалистік жарыста облыс бойынша бірінші орынға не болғанымыз үшін жуыра біздің бригаданың коллективіне ҚЛКЖО облыстық комитеті мен облыстық совхоздар тресінің Ауыспалы Қызыл Туы және бірінші сыйлық тапсырылды. Бұл бізді еңбекке бұрынғыдан да жігерлендіреті түеті. Біз қол жеткен табысты баяндай отырып, келесі жылы да социалистік еңбек даласында жана табыстарға жете беретін боламыз.

Н. ШАТОВ.

Интернационал совхозы, № 1 комсомол-жастар бригадасының бригадирі.

Мал қыстатуды табысты өткіземіз

Мал қолхоз байлығының негізгі түрінен саналады. Бұл байлықты барынша молайты беру, сойтіп қолхоз шаруашылығын өркендетуге келесі үлес қосу—қолхоз мал өсірушілерінің құрметті міндеті. Бұл міндетті жете ұғынған біздің ферманың мүшелері қоғамдық маалды аман өсіру жолында қажырлылықпен еңбек етіп келеді. Қысқы маусым мал шаруашылығын одан әрі өркендетудегі ең жауапты кезең екендігін еске алып, ферма мүшелері бұл маусымға ерте бастан тыңғылықты әзірленген болатын. Соның нәтижесінде фермадағы 278 бас қарамалға жеткілікті мөлшерде мал азығы дайындалып, мал тұратын қоралар толық жөндеуден өткізілді. Мұның өзі мал қыстату маусымын ұйымшылдықпен бастауға мүмкіншілік берді.

Әрине, малды жемшөппен қамтамасыз етумен ғана мал қыстатуды табысты өткізуге болмайтыны белгілі. Енаалдымен мал күтімін ұйымдастыра білетін мал өсіруші кадрлар керек. Мал қыстату маусымы басталар алдында біз бұл мәселеге көп көңіл бөлдік. Фермада 23 қолхозшы жұмыс істейді. Олардың басым көпшілігі комсомолдер. Бұлардың барлығы да алғашқы күннен бастап-ақ белгілі участкаға бекітілген. Мәселен, комсомолец З. Галин, М. Жантеміров жолдастар сауын сыйырларды күтуге тағайындалған болатын. Олар өз жұмыстарында табысты еңбек етіп тұр. Қысқы мал күту шараларын дұрыс ұйымдастырудың нәтижесінде бұлардың қарамалындағы 74 сауын сыйырдың жазіргі күйі өте жақсы, сүттілігі де жазғы маусымдағыдан кеміген жоқ. Сауын сыйырларға ең құнарлы азықтар—шөп, нәрлендірілген сабан мен концентрат беріледі.

«Мал төлден өседі» дейді халық. Ферма мүшелері жас төлдерді күтуге де үнемі көңіл бөліп отырады. Бұзау үйлері ойдындай жақсы жабықталып, оларды күтуге тәжірибелі адамдар бөлінген. Селолық Советтің депутаты Александра Маслова мен Қалима Касенова жолдастар торпақтарды жақсы күтуде. Бұлардың қарауындағы 50 торпақтың қондылығы жақсы. Фермада жұмыс өгіздерін күту де ойдындай ұйымдастырылған. Жұмыстан бес өгіз-

дер бөлек күтімге қойылып, олардың жазғы жұмыстарға дейін қондылығын жоғарылату көзделіп отыр.

Фермада еңбек тәртібі жолға қойылған. Жұмыс белгіленген мерзімде басталып, аяқталып отырады. Малдарды азықтандыру және суару мерзімдері қатаң сақталады. Бұл мал азығының орынсыз жұмсалуына, малдардың дұрыс азықтандырылуын қамтамасыз етеді. Еңбек тәртібінің берік сақталуы ферма мүшелерінің жұмысқа ынтасын арттырып, жауапкершілігін күшейте түседі. Біздің фермада өзінің жұмыс тапсырмасын орындамайтын бірде-бір адам жоқ. Ал тұқымдық бұқаларды күтуші комсомолец Қ. Садуақасов, мал суарушы комсомолец Д. Бодақов және басқалары өздерінің қажырлы еңбегімен қолхозшылардың сый-құрметіне бөленген.

Алайда, біздің ферманың жұмысында кездесіп отырған қиыншылықтар да жоқ емес. Мал азығын буландыру оның құнарлылығын анағұрлым арттыратыны даусыз. Қолхоз басқармасы бұл маңызды мәселеге әлі күнге жете мән бермей келеді. Салына бастағанға едәуір уақыт өтсе де булан дырғыш құрылысының осы күнге дейін аяқталмауын немқұрайды қараушылықтың салдары деуіміз керек. Малдың күтіміне ауданның мал мамандары да жеткіліксіз көңіл бөледі. Мәселен, Чистяк МТС-нің зоотехнигі Курочкин жолдас фермада өте сирек болады, оның өзінде бізге өте қажетті кеңес беріп, көмек көрсетпейді. Малшылардың мәдени және тұрмыстық тілектері де толық қанағаттандырылмай отыр.

Біздің ферманың мүшелері қолхоз шаруашылығының маңызды түрі—мал шаруашылығын өркендете беруде бұрынғыдан да қажырлылықпен еңбек ете береді. Мал қыстату маусымын табысты өткізуге бізде барлық мүмкіншілік бар. Ендігі міндет—сол мүмкіншіліктерді орынды пайдалану.

Н. ҚАЙЫРЛИН,

Кенюхов ауданы, «Жаңа тұрмыс» қолхозы мал фермасының меңгерушісі.

АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ

Преснов аудандық Мәдениет үйі ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендету жөнінде партия мен үкіметіміз алға қойып отырған ұлы міндеттерді еңбекшілердің арасына кең түрде насихаттау жолында көп жұмыстар жүргізуде. Мәдениет үйінде ауыл шаруашылығының әртүрлі салаларына арналған кештер жиі өткізіліп, ауылшаруашылық озаатарының іс тәжірибелерін көрсететін көрмелер ұйымдастырылып, отырылады. Мәдениет үйінің меңгерушісі Дробышев жолдас ауыл шаруашылығы мамандарымен бірлесіп отырып, олардың еңбешілер алдында лекциялар оқып, баяндамалар жасауына көп көңіл бөлген.

Жақында мұнда Преснов МТС-і аймағындағы қолхоздардың және Буденный атындағы совхоздың мал өсірушілерінің кездесу кеші өткізілді. Кеште аудандық Совет атқомі председателінің орынбасары Стаценко жолдас ауданда мал қыстату маусымының қалай өткізіліп жатқандығы жөнінде баяндама жасап, орын алған кемшіліктерге тоқталды. Баяндамашыдан кейін озат мал өсірушілер өздерінің жұмыс тәжірибелері жөнінде айтып, мал қыстатуды қайткен күнде жақсы ұйымдастыруға болатындығы жөнінде бағалы кеңестер берді. Сол сияқты, көптеген зоотехниктер, мал дәрігерлері мал күтімі жөнінде бағалы кеңестер берді.

Кештің соңында Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары үлкен концерт қойып берді. Малшылар концертті қызықтап көрді.

ІЗДЕНУДІҢ ЖЕМІСІ

Біздің қолхозда 1952 жылы картоптың әр гектарынан орта есеппен 124 центнер ғана өнім алынса, үстіміздегі жылы 275 центнерден өнім алынып отыр. Бұл көрсеткішке жетуде картоптың сортты тұқымдарын іріктен ала білудің зор маңызы болды. Ал мұның үстіне картоп егілген жердің топырағын суперфосфатпен өңдеу әрбір гектардан 320 центнерге дейін өнім алуға жағдай туғызатындығын бытылғы тәжірибе анықтап берді.

Қолхоздың помидор өсіру жұмысында да едәулі табыстары бар. 1952 жылы мұнда помидордың әрбір гектарынан 104 центнер өнім алынған еді, кәзір бұл көрсеткіш 200 центнерге жетті. Оның үстіне бізде ерте пісетін помидор егу көлемі ұлғаюда.

Помидор ыстықты сүйетін жеміс. Сондықтан оның ерте пісуі үшін біз помидор тұқымын суыққа «шынықтыру» әдісін қолдандық. Ол үшін тұқым әуелі 6 сағаттай 18-20 градус жылылықта, одан соң 18 сағат бойы 6-8 градус суықта



тіс. Басқа сөзбен айтқанда, агрегаттың әр мүшесі өз ісін жақсы атқара алатын болуы керек. Сонымен бірге біздің ерекше көңіл аударғанымыз—уақытты үнемдеу, бункерден астықты агрегат жүріп келе жатқанда түсіру мәселелері.

Агрегат еңбегі тиісті нәтиже берді, орта есеппен күнне 40 гектар жердің егінін жыйнап жүрдік. Ал кейбір күндері бұл көрсеткіш 65 гектарға жетті. Сөйтіп бір комбайнмен 861 гектар жердің егінін жыйнап, 4497 центнер астық бастырдым. Көзір мен комбайнды жөндеп жүрмін.

П. УЛЬЯНОВ,

Совет МТС-нің комбайншысы.



Ауыл шаруашылығы жас озаттарының бір тобы. СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) Кониюхов ауданы, «Жаңа тұрмыс» колхозы мал фермасының меңгерушісі К. Қайырлин, Преснов совхозының механизаторы Б. Ахметов, Қызылсовхозының сауыншысы З. Токарева, Интернационал совхозы, трактор бригадасының бригадирі Н. Шатов, Калининатындағы МТС-тің комсомол жастар бригадасының бригадирі Бутенко, Совет ауданы Ленин атындағы колхоздың сауыншысы Е. Станогина, Совет МТС-нің комбайншысы П. Ульянов, Соколов ауданы, Киров атындағы колхоздағы тракторшы Ю. Сирилов жолдастар.

Суретті түсірген И. Пасечный.

сақталуға тиіс. Мұндай шынықтыру помidorдың әдеттегіден 20 күн бұрын пісуін қамтамасыз етеді. Сонымен бірге біз помидор көшеттерінің орынын аяқ көпестің, әр түрлі 500-700 грамм мөлшерінде тынайтын жөң араластырамыз. Бұл көшеттің тез өскен, шашпаң жетілдіне үстеме жағдай жасайды. Өнім де молайды. Біздің бұл табыстарымыз—оқып ізденудің, озат әдістерді практикалық іс-ісге батыл қолданудың нәтижесі.

М. ОХРАМЕННО,

Полудень ауданы, Сталин атындағы колхоздың овощь өсірушісі.

Ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жолындағы күресте

Коммунистік партия мен Совет үкметі елімізде астық өндірісін арттыру, тың және тыңайған жерлерді игеру, осының негізінде ауыл шаруашылығының бүкіл саласын шұғыл өркендетудің ұлы программасын белгілеп берді. Сонымен қатар партия мен үкмет бұл игілікті істі жүзеге асыру үшін не керектің бәрімен қамтамасыз етті. Колхоздар мен совхоздардың, МТС-тердің өндірістік базалары ауыл шаруашылығының озат техникаларымен мықтап нығайтылды.

Осының нәтижесінде аудан еңбекшілері бүкіл еліміздегі сыяқты, ауыл шаруашылығын оған ерлікпен өркендету жолындағы күресте былайдың өзінде елеулі табыстарға ие болды. Аудан колхоздары мен совхоздарында тың және тыңайған жерлерді игеру, пар мен зыб жұрту жөніндегі жоспарлар артығымен орындалды. Сонымен қатар товарлы астықтың мөлшері анағұрлым артып, қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде елеулі табыстарға ие болдық. Мұндай игі іске аудан комсомолдары мен жастарының қосқан үлесі мол. Олар партиямыз бен үкметіміздің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі қаулыларын қызу қуаттап, егіншілік пен мал шаруашылығының шешуші учасқтерінде қажырлылықпен еңбек етуде. Егіс бригадалары мен мал фермаларында, ауыл шаруашылық өндірісінің басқа да шешуші учасқтерінде 2 мыңнан астам комсомолдар мен жастар жұмыс істеп жүр. Олардың қажырлы еңбектері аудан еңбекшілері орынды мақтан етеді.

Өйткені село жастары, оның алдыңғы отряды—комсомол еңбектегі өнегелерімен ауыл шаруашылығын өркендету жолындағы күрестің үлгісін жүрсетіп келеді. Бұл жөнінде ауылшаруашылық жұмыстарының барлық маусымдарында комсомолдар мен жастардың патриоттық істері толық дәлел болады.

Өткен қыста көптеген комсомолдар мен жастар механизаторлар кадрларын даярлайтын курстарда оқып, тракторшы,

комбайншы мамандықтарын алды. Мұның езі МТС-тер мен совхоздарда дала жұмыстарын жүргізу жөнінде арнаулы комсомол-жастар бригадаларын ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Мәселен, үстіміздегі жылы көктемгі егіс кезінде 22 комсомол-жастар бригадасы жұмыс істеді. Ал шөп шабу науқаны кезінде 30-дан астам комсомол-жастар агрегаттары ұйымдастырылды. Осы сыяқты егін жыйнау кезінде де 30-ға жуық комсомол-жастар комбайн агрегаттары жұмыс істеді.

Комсомол-жастар бригадалары мен агрегаттары және звеноларын ұйымдастыру, жастарды социалистік жарысқа жылдай қамту және оны өсерлі ұйымдастыруға қамтамасыз етті. Партия ұйымдарының көмегімен колхоз, МТС, совхоз комсомол ұйымдары комсомол-жастар бригадалары, агрегаттары, жарыстың барысына басшылық және бақылау жасап отырды.

Аудандық комсомол комитеті көктемгі егіс, шөп шабу, егін жыйнау кездерінде жастар бригадалары мен агрегаттарының арасындағы социалистік жарыстың барысына он күн сайын және ай сайын қорытынды жасап отырды. Социалистік жарыстың қорытындысын шығарғанда озат бригадалар мен агрегаттардың жұмыс тәжірибелерін насихаттауға, сөйтіп, артта қалғандары алдыңғылардың қатарына қосу мәселелеріне баса назар аударылды. Үгітшілердің әңгімелерінде, өндірістік жыйналыстарда, жауынгерлік листовкалар мен қабырға газеттерінде озат комсомолдар мен жастардың еңбектегі өнегелері кеңінен насихатталды. Өндіріс озаттарына аудандық комитеттің көпшілік вымпелдері, мақтау листовкалары берілді және ҚЛКЖО облыстық комитеті мен Орталық Комитеттің сыйлықтарына ұсынылды. Комсомол-жастар бригадаларында комсомол ұйымдары, комсомол топтары ұйымдастырылды. Олар механизаторлар арасындағы бұқаралық-ағарту жұмыстың мазмұнды жүргізілуіне, өндірістік ықпал

жасауға мүмкіндік берді. Комсомол жыйналыстарында жас механизаторлардың социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерін орындауы жөнінде мәселелер талқыланып, жұмыстағы кемшіліктердің беті ашылды. Аудандық комсомол комитетінің мүшелері мен қызметкерлері өндіріс тің дағдыры шешіліп жатқан жерлерде бригадалар мен фермаларда жиі болып, комсомол ұйымдарына практикалық көмек көрсетіп отырды.

Бастауын комсомол ұйымдары мен аудандық комсомол комитетінің жастар арасында жүргізген жұмыстары бригадалар мен агрегаттарда еңбек өнімділігін арттыру, социалистік жарыстың туын жоғары ұстау мақсатын ойдағыдай жүзеге асыру ісін қамтамасыз етті. Төмендегі фактілер осыны дәлелдейді.

Мәселен, социалистік жарыстың барысында ноябрь айында жасалған қорытынды бойынша аудандағы 22 комсомол-жастар трактор бригадаларының басым көпшілігі, 17 бригада трактор жұмыстарының жылдық жоспарын артығымен орындады. Комсомол-жастар бригадалары ұйымдастырылған үш МТС бойынша социалистік жарыста Образцовый МТС-нің Попов жолдас басқарған комсомол-жастар бригадасы бірінші орынға ие болды. Бұл бригада бір маусымда трактор жұмыстарының үш-жылдық нормасын орындады. Демек, бригада мүшелері 2920 гектар жер жұмыстады. Бригада мүшелері көктемгі егіс кезінде «ДТ—54» тракторына үш сеялка орнына төрт сеялка тіркеп жұмыс істеді. Попов жолдасы бригадасы аудан бойынша гана емес, облыс бойынша бірінші орынға ие болып, облыстық комсомол комитеті мен облыстық ауылшаруашылық басқармасының Бөшпелі Қызыл Туын жеңіп алды және бригадаға облыстық бірінші сыйлық берілді. Осы сыяқты Ильич атындағы МТС-тің Кошевой жолдас, Куйбышев атындағы МТС-тің Симоненко жолдас басқарған комсомол-жастар трактор

бригадалары да өндірістік жоғары көрсеткіштерге ие болды.

Ауданның комсомолдары мен жастары егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарына белсене қатынасты. Комсомолдар мен жастардан құрылған комсомол агрегаттарының басым көпшілігі социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерін аброймен орындады. Мәселен, Образцовый МТС-нің Акимцев жолдас басқарған агрегат «Сталинец—6» комбайнымен 600 гектардан астам егін жыйнады. Ал Куйбышев атындағы МТС-тің комбайншысы Черненко жолдас облыстың жас комбайншыларының социалистік жарысында екінші орынға ие болып, сыйлық алды. Аудан МТС-терінде мұндай жас озат механизаторлар көптеп саналады.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру міндеті жемшөп қорының берік базасына тікелей байланысты екені мәлім. Осыны еске алып, аудан комсомол ұйымдары комсомолдар мен жастарды мал азығын дайындау жұмысына белсене қатыстыру жөнінде бірқатар игі шараларды жүзеге асырды. Комсомол жыйналыстарында, бригадалар мен фермаларда БЛКЖО Орталық Комитетінің аудан комсомол ұйымдарының мал азығын дайындау жөніндегі социалистік жарысын ұйымдастыру жөніндегі қаулысы кеңінен талқыланды. Колхоздар мен совхоздарда комсомолдар мен жастардан кеңалымды шөп машиналарының агрегаттары, шөп маялау жөніндегі арнаулы звенолар ұйымдастырылды. Бұл жердің бәрі де өзара социалистік жарысқа ұштасты. Комсомол ұйымдары мұнымен тынбай социалистік жарыста қабылданған міндеттемелердің орындалуы жөнінде қажетті ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Бұл жөнінде мынадай бір мысал келтіре кетуге болады.

Июнь айында шөп шабу жұмысының алғашқы қорытындысы бойынша Явленка совхозында кеңалымды шөп машиналары мен шөп шабатын комсомолдар Карпенко жолдасының агрегаты жоғары көрсеткішке ие болды. Осыған байланысты аудандық комсомол комитеті арнаулы листовка шығарып, оны барлық комсомол-жастар агрегаттарына таратты. Сонымен қатар комсомол-жастар агрегаттарында басшы

комсомол қызметкерлерінің қатысуымен өндірістік жыйналыстар өткізілді. Бұл жыйналыстарда комсомолдар жұмыстағы кемшіліктердің бетін ашып, оны жою жөнінде қажетті шаралар белгіледі. Екінші онкүндіктің қорытындысында бұл шаралар өзіндік тиісті нәтижелерін берді. Кең алымды шөп машиналары агрегаттарының шеңберіндегі социалистік жарысқа алған міндеттемелерін аброймен орындайтындығы айқындалды. Шөп шабу науқанының ақырғы күндеріне дейін социалистік жарыстың қарқынын бәсеңдетпеу шаралары жүзеге асырылды.

Сондықтан комсомол-жастар агрегаттары аудан бойынша 53400 гектар жердің шөбін шашты. Ал шөп маялау жөніндегі арнаулы звенолар 26 мың тонна шөпті жыйнап, үйді. Сонымен қатар колхоз, совхоз комсомол-жастарының күшімен 2 мың тоннадай мал азығы сүрленді. Мал азығын дайындау күресінде «Новый путь» колхозындағы Трушников, Явленка совхозындағы Маскалев, Алексей Рутте, Карпенко жолдасардың комсомол-жастар агрегаттары зор табыстарға ие болды. Бұл агрегаттардың ерқайсысы кеңалымды шөп машиналарымен 1400-1500 гектар жердің шөбін шашты. Мал азығын дайындау жұмыстарына белсене қатысқандықтары үшін 100-ден астам комсомолдар аудандық комсомол комитетінің мақтау листовкаларымен наградалды.

Сонымен қатар колхоздар мен совхоздардың комсомолдары мен жастары мал қораларын жөндеу, мал азығын қыстау маңына тасу жұмыстарына белсене қатысты. Бірқатар колхоздар мен совхоздарда мал қораларының қыбын тазарту, мал қораларын ағарту және басқа бірқатар жұмыстар комсомолдар мен жастардың күшімен жүргізілді.

Ауданда мал шаруашылығында тікелей жұмыс істеп, қажырлы еңбек етіп жүрген жастар көптеп саналады. Олардың қатарында БЛКЖО мүшелері «Советский» колхозының шопаны Новохацкий, Сталин атындағы колхоздың сауыншысы Семалова, «Новый путь» колхозының бұзау күтушісі Максимова және басқалары бар.

Мал қыстау маусымы—мал шаруашылығын өркендетудің жауапты кезеңі

екенін, фермаларды тұрақты кадрлармен толықтырудың қажеттігін еске алып, колхоздар мен совхоздардың комсомол ұйымдары жүзден астам комсомолдарды мал фермаларына тұрақты жұмысқа жіберді. Өрне бұл мал шаруашылығының өскелең қажетін тиісті де қанағаттандырмайды. Біз әрбір мал фермасында комсомол топтарын ұйымдастыруды, онда бұқаралық-саяси жұмысты мазмұнды ұйымдастыруға көмектесуді өзміздің кезек күттірмейтін міндеттеріміздің бірі етіп қойып отырмыз. Бұл міндет көзір жүзеге асырыла басталды. Мәселен, аудандық комсомол комитетінің Ильич МТС-і аймағы жөніндегі нұсқаушысы Қазанбаев жолдасының инициативасы бойынша Сталин атындағы колхоздың мал фермасында құрамында бес комсомолдар бар топ ұйымдастырылды. Топтың комсомолдары мал күтуде қажырлы еңбек ету мен бірге, мал өсірушілер үшін әңгімелер өткізіп, дауыстап газет оқыды. Олар фермада қызыл мүйіз ұйымдастырды. Біз әрбір колхоздың мал фермаларында осындай жағдайдың болуына жетісеміз.

Жасыратыны жоқ, кейбір комсомол ұйымдары, әсіресе Аманжолді атындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозтарының комсомол ұйымдары мал қыстау маусымын үлгілі ұйымдастыру жөнінде комсомолдар мен жастардың инициативаларын қолдай алмай отыр. Бұларда мал фермаларында жұмыс істейтін комсомолдар жоқтың қасы. Аудандық комсомол комитеті партия ұйымдарының көмегіне сүйене отырып, комсомолдар мен жастардың мал қыстау маусымына белсене қатысуларын қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, комсомол ұйымдары жастардың көктемгі егіске дайындық жұмысында қажырлы еңбек етулерін, олардың агротехникалық курстарда оқып, білімдерін арттыруларына жетіседі.

Аудан комсомолдары мен жастары социалистік ауыл шаруашылығының барлық саласын шұғыл өркендету жөніндегі күресте қажырлы еңбек етіп, Отан алдындағы борышын аброймен өтейді.

Н. КОВАЛЕНКО,

ҚЛКЖО Ленин аудандық комитетінің секретары.

ФЕЛЬЕТОН

Бір ізбен, бір қолмен...

Жайшылықта жайланып келетін атком председатели Наталья Александровна Живулина...

—Бастықтың тыншып алмай, ерте келуіне қарағанда бүгін бір жайсыздық бар...

—Мишенька, —деп күле сойледі Жибулина, ескіктен кіріп келген Варламовқа...

Оның Любестов деп отырғаны аудандық тұтынушылар одағы председателинің орынбасары болатын...

—Мені Живулина жіберді, —деуі мүм екен Варламовтың, Любестов өзі көтеріп бір машинаны «Победаның» кабинетіне салып та үлгерді.

Варламовтың Живулина мен аудандық тұтынушылар одағының арасында осын дай тапсырыспен жүруі жалғыз бұл емес...

Пайдалы орыннан құлқын құрышып қандырып жүрген жалғыз Живулина емес еді. Аудан басшыларының брқатары аудандық тұтынушылар қоғамының қоймасы арқылы керетін алып, жогын табатын.

Шынында Совет аудандық тұтынушылар одағының қоймасына келген бағалы заттардың ашық түрде еңбекшілерге сатылатыны шамалы.

Смирнов жұмысын поселкесінде сауда қызметкерлерінің үйін аналайдан тауға болады. Рас, олар үйлерінің маңдайшасына өз лауазымдарын жазып қойған жоқ.

хоздарға қоғамдық құрылыс үшін жіберілген шиферлар аудан орталығындағы сауда қызметкерлерінің өз манынан асқан емес.

—Біз өз ақшамызға алдық. Онда епкімнің де жұмысы болуға тиіс емес, —деседі олар бұған жауап ретінде.

Расында да, олар өз ақшаларына аудандық тұтынушылар одағының қоймасына түскен асыл мүліктер мен құрылыс жабдықтарын жандарына басып отыр.

Бұл күндері Мамилон пен Любестовтың арандары бұрынғыдан да ашыла түсуі. Өйткені, аудан басшылары —Живулина мен Назаровтың өздері де «өз ақшаларына» тұтынушылар одағының магазиндерінен емес, қоймасынан керетін үст-үстте алып жатқанын көріп, еті үйреніп кеткен.

Екінші бесжылдықта консерв өнеркәсібінің алдына зор міндеттер қойылды. Бұршақтан, бақарадан, тағам концентраттарынан, томат және жеміс шырындарының консерв жасау арттырылады.

Т. ЕСІЛОВ. Т. ЖАРҚЫНОВ.

Коля мен Людадың көрегендігі

Таң жаңа біліне бастады. Әлі жара көлемде... Мамлют —Кондратовқа ара-

саспады. Люда релбетін жарылып түскен орнында қалып та. Коля ересек адамдар

«НЕМІСТЕР АРАСЫНДА ӨЗАРА ТҮСІНІСУГЕ ҚОЛ ЖЕТУ ҮШІН»

ГЕРМАНИЯ КОМПАРТИЯСЫ СААР ҰЙЫМЫНЫҢ СЪЕЗИ

БЕРЛИН, 9 декабрь. (СОТА). АДН агенттігінің хабар етуіне қарағанда, Германия Коммунистік партиясы Саар ұйымының съезі болып, оның 200 делегаты қатысқан.

Съезд есенгі байандары бекітті және ұйымның жаңа басқармасын сайлады. Съезд, сол сияқты партияның міндеттерін белгіледі және барлық еңбекшілерді Париж келісімдеріне қарсы жүретін өріс түтуге, мүшбтер арасында өзара түсінуге қол жету және жалпыгерманиялық ерікті сайлау өткізу үшін күресті өріс түтуге шақырды.

Көзгө барлық жұмысшылардың кыймыл бірлігі жолымен халық бұқарасын түсініп жемісті бағуын қамтамасыз ету қажеттігін түсіне отырып, съезд, болып отырған алауыздықтарға қарамастан жұмысшы табының өкілдерінен кәзіргі уақыттағы негізгі міндет есебінде герман уалтының өмірлік маңызды мәселелеріне қатысы бар келісімге жетуді талап етті.

Съезд Берлиндегі аяқшикоммунистік аранатушылық процеске қарсы жөнбон өкметтерінің неміс патриоттарын тұтқында алуына қарсы наразылық білдірді.

БЕЛЬГИЯ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ХІ СЪЕЗИНІҢ АШЫЛУЫ

БРЮССЕЛЬ, 9 декабрь. (СОТА). Бүгін Брюссель маңындағы Вильборг жұмысшы қаланығында Бельгия Коммунистік партиясының ұлттық ХІ съезі ашылды.

Саяси жағдай және партияның жұмысы туралы Коммунистік партияның бас сөзретары Эдвар Лалман баяндама жасап, халықаралық және ішкі саяси жағдайларды қамтыды және тағу мерзім ішінде партияның алдында тұрған нақты міндеттерді көрсетіп берді.

Баяндама аяқталғаннан кейін жарыссөз басталды.

БОЛГАРИЯДАҒЫ КОНСЕРВ ӨНЕРКӘСІБІ

СОФИЯ, 9 декабрь. (СОТА). Халық өкметі жылдарында Болгарияда консерв өнеркәсібі өсіуірі өркендеді. Елде жемістер мен өсімдіктен консервалар жасалып тұсы ірі кабинет, сонымен бірге тағам концентраттарын шығаратын көптеген өксіпорындары жұмыс істейді.

Бүгін консерв өнеркәсібі өзінің өндірісін жылдан-жылға ұлғайтып келеді. Мәселен, Бірінші май атылатын және «Республика» консерв заводтары тағам концентраттарының 32 түрін өндіреді. 1953 жылы консерв өндіру соғыстан бұрынғы дәрежеден алты есе асып түсті.

Екінші бесжылдықта консерв өнеркәсібінің алдына зор міндеттер қойылды. Бұршақтан, бақарадан, тағам концентраттарынан, томат және жеміс шырындарының консерв жасау арттырылады.

Мемлекеттік «Вильямс» консерв...

БҰҰ Бас Ассамблеясының IX сессиясы

Саяси комитетте

НЬЮ-ЙОРК, 10 декабрь. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Кеше Саяси комитет Марокко мәселесін қарауға кірісті.

Бұдан бұрын хабар етілгендей, Марокко мәселесі Бас Ассамблеяның IX сессияның жұн тәртібіне 14 мемлекеттің — Афғанстанның, Бирманың, Египеттің, Индияның, Индонезияның, Ирактың, Иемениң, Иранның, Ливанның, Пакістанның, Сауд Аравиясының, Сирияның, Тайландтың және Филиппиньның өкілінің бойынша енгізілген болатын.

Марокко мәселесі жөніндегі жалпы шұжусия Сирияның өкілі Шукейрдің сөзімен басталды. Марокко деп атап қорсетті ол, бұған дейін суверенді мемлекет.

Арнаулы саяси комитетте

НЬЮ-ЙОРК, 10 декабрь. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Арнаулы Саяси комитет 9 декабрьде «Қытай Халық Республикасына қарсы агрессиялық әрекеттер туралы және бұл әрекеттер үшін АҚШ-сы соғыс-теңіз флотының жауапкершілігі туралы» ССРО делегациясы енгізген мәселені талқылауға кірісті.

Совет Одағының өкілі А. А. Соболев өзінің сөзінде былай деп атап көрсетті: Борейдағы соғыстың тоқтатылуы және Индо-Қытайда бейбітшілік орнатылуы жоппесінінде шешілмеген халықаралық проблемаларды реттеу үшін және халықаралық жағдайдағы шиеленісті оған өрі бәсеңдеу үшін қолайлы жағдай тудырыды.

Совет делегациясы деп мәлімдеді Соболев, КХР-ге қарсы агрессиялық әрекеттер туралы және бұл әрекеттер үшін АҚШ соғыс-теңіз флотының жауапкершілігі туралы мәселені Бас Ассамблеяның талқылауына ұсынған кезде мынаны еске алды: Тайланд аралы мен Қытай теңіздері ауданындағы жағдайдың соғыс уақытта жақсармағаны былай тұрсын, қайта, мұның керісінше, КХР-ге қарсы агрессиялық әрекеттердің жиі-жиі жасалуымен байланысты бұл жағдай онан өрі шиеленісті.

болып келген еді. Ал кәзіргі уақытта, деп мәлімдеді Шукейри Мароккода соғыс жағдайы енгізілген, елде тұрақты тұтқын лагерлері көбейтіліп, саяси тұтқындардың саны 15 мың адамға жетті.

Өздерінің өтініші бойынша Марокко мәселесі жұн тәртібіне енгізілген делегациялардың атынан (Тайланд пен Филиппиньмен басқалары) Сирияның өкілі Саяси комитеттің қаруына қарар жобасын енгізді, бұл жоба Марокко мәселесін бейбітшілікпен шешу үшін Мароккода қолайлы жағдай тудырылсын, сонымен қатар Біріккен Ұлттар Ұйымы Уставының мақсаттары мен принциптеріне сәйкес Марокко халқының ынтыз-зар мүдделерін қанағаттандыру үшін Францияның үкметі Марокко халқының шын өкілдері мен сәліссөздер жүргізетін болсын деп ұсынды.

АҚШ-тың агрессиялық әрекеттері, деп атап көрсетті совет делегаты, Қыйыр-Шығыстағы жағдайды бұрынғыдан да гөрі шиеленістіру, бейбітшіл мемлекеттердің инициативасымен жүргізіліп жатқан және халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге бағытталған шаралардың маңызын жеміту мақсатын көздейді.

Совет делегаты комитет талқылап отырған мәселе жөнінде қарар жобасын енгізді.

Бұдан кейін шығып сойлеген АҚШ өкілі Джексон Қытай Халық Республикасына қарсы АҚШ-тың қарулы күштері жасап отырған немесе солардың қолдауымен жасалып отырған агрессиялық әрекеттердің совет өкілі келтірген нақты фактілерін бекер дей алмады.

АЛАУЫЗДЫҚТАРДЫ КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗУ ЖОЛЫМЕН РЕТТЕУ ҮШІН ЛОНДОНДАҒЫ МИТИНГ

ЛОНДОН, 9 декабрь. (СОТА). Кеше кешке Лондонда сүетгі бембаларына тыйым салу туралы петицияға қол қою жөніндегі компанияның аяқталуына байланысты митинг болған.

Митингте преседательдік етуші парламент мүшесі —лейборист А. Гринвуд былай деп мәлімдеді: комитет өзін жұмысын халықаралық шиеленістің қайнағанын жоюға қамқаттасуға қажетті қарарларды қабылдауға қолдауын қамтамасыз еткенге дейін жүргізе берсін.

Парламент мүшесі С. Спирверман мен Эньюрион Бивен, сонымен бірге священник Д. Совер митингте шығып сөз сойледі.

Черчилльдің жұмыс арада Вудфордта жасаған мәлімдемесіне тоқтала келіп, Сильверман былай деді: «Бұл мәлімдеме соғыстан кейінгі жылдар ішіндегі Черчилльдің қалыптасқан ақыл шабытын көрсетіп берді. Бұл ақыл шешімі оны Фултонде, Ньюрихте және 1948 жылы консервативтік партияның жыл сайынғы конференциясында күрсақ соғыс саясатына жол салған сөздер сойлеуге итермеді».

Священник Совер өзінің Совет Одағына барған сапары туралы айтып, Совет халықтарының бейбітшілікті шын шейлімен қолға етіп отырғанына өзінің сеніммен қайтысқандығын айтты.

Эньюрион Бивен «соғыстың кәзіргі уақыттағы түрлі халықтарға болашақта не көрсететінін, бірае зритель болып отыра беруді тоқтатуға және қыймылды бастауға уақыт жеткі» дегенді барлық халықтардың түсінігіне жемізулің қажеттігін атап көрсетті.

Қытайы, деді Бивен, БҰҰ-ға қабылдау керек, өйткені 600 миллион халықты БҰҰ-дан орын алатын елдердің қатарынан шығарып тастауға тырысушылық —жамақтық болып табыланы.

ДУНАЙ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХІ СЕССИЯСЫ

БУДАПЕНТ, 8 декабрь. (СОТА). Бүгін мұнда Дунай комиссиясының ХІ сессиясы жұмыс істей бастады.

Дунай комиссиясының преседатели Эндре Шиктің кіріспе сөзінен кейін сессия мынадай күнтізбелік бірауыздан бекітті: 1. Комиссия ашықаратын директорьның секретариат пен жұмысшы ашықаратынның 1954 жылғы жұмысын туралы есебі; 2. Шығындар сметасының осы жылғы 1 декабрьге дейін орындағаны туралы есебі; 3. Дунай комиссиясының 1955 жылға арналған бюджетін бекіту; 4. Дунайдың өздеріне тиісті участоктерінде «Дунай арқылы жүзу туралы негізгі ережелерді» және «Өзен бақылауының бір ізге салынған ережелерін» қолданудың барысын туралы Дунай комиссиясына мүше Дунай ма-

жол бастаушы мектебінің екінші класс оқушылары Коля Котов пен Люда Денисова темір жол бойымен мектепке бара жатты. Олар сөйлесіп, көңілді желе жатыр еді, жөнеттен Люда тоқтай қалды. Оның жүзінде қорқыныштың ізі пайда болды...

—Коля, Коля тоқтай тұр... Мынаны қара,—деді ол үрейлі дауыспен Коляның жеңінен тартып қалып.

—Ол не?—деді Коля түсіне алмай.

—Міне, түйіскен жерінде рельстің бірінің бас жағы үзлім түсіпті.

Коля рельстің сынып түскен жеріне үңіле қалды. Люданың айтқаны рас, рельстің жарылған жерінде үлкен қара сызық көрінеді.

Бұл уақытта осы жолмен жүк тиелген поезд аулақ келе жатты. Мұны көріп балалар түршігіп кетті. Бірақ олар қорқын

жұмыс істеп жатқан 104-километрде келе жатқан поезға қарай жан ұшыра қарем жүгірді.

Жұмысшылар жүгіріп келе жатқан баланы көре салып, теріп емес екенін сөзді де оның алдына тезірек шығуға асықты. Коля оларға болған оқиғаны айтты. Сөйтін, алғашы апатты білмей барлық өзінің күшімен зымырап желе жатқан ауыр жүк тиелген поезға белгі беріліп, дереу тоқтатылды. Мұның ішінде екінші ауыржүкті поезд келін тоқтады. Ал мұнан кейін жолаушылар поезы да тоқтатылды.

Сөйтін, мектеп оқушыларының қырағылығы арқасында 3 поезд апатқа ұшыраудан аман қалды. Темір жол бөлмесі саяси бөлімнің бастығы Савин жолдас оқушыларды бағалы сыйлықтармен нағдауға ұсынды.

Р. ҚАСЕНОВ.

Наградалар тапсырылды

Жұмырда Петропавл теміржолшыларының Ленин атындағы клубына теміржол транспорты қызметкерлері мен медициналық қызметкерлер жыйналды. Мұнда көп жыл жұмыс істеген адамдарға үкмет наградалары тапсыруға арналған салтанатты жыйналыс болды.

Жыйналысты жол бөлмесінің бастығы Еремін жолдас ашып, облыстық Совет атқомі председателінің орынбасары Синчило жолдасқа сөз берді.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы оқылғаннан кейін Ленин орденімен наградаланған паровоз депосының машинистері Қанзев, Лядов, Селазнев, Степанов, Фоменко, поезд вагон мастері Ха-

мидуллин және Шмелев жолдастарға наградалар тапсырылды.

Бұдан кейін Еңбек Қызыл Ту орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен наградаланғандарға ордендер мен медалдар тапсырылды.

Наградаланғандардың атынан Қанаев, Фоменко, Хамидуллин жолдастар және басқалары жауап сөз сөйлеп, Совет Үкметі мен Коммунистік партияға алғыс айтты.

Синчило және Еремін жолдастар наградаланғандарды құттықтап, олардың бұдан былай да жұмыста жаңа табыстарға жете беруіне тілек білдірді.

1250 сомның газет, журналына жазылды

Преснов ауданындағы Киров жеті-жылдық мектебінің оқушылары мен барлық кәсіподақ мүшелері жаңа жылға газет, журналдарға бірі қаламастан жазылды. Ж. Абрахманов, Ж. Темірханов және басқа жолдастар жаңа жылға бас-

тап арқайсысы 150-180 сомның газет, журналдарын алғызатын болды.

Мектеп бойынша аз уақыт ішінде 1250 сомның газет, журналдары таратылды.

Б. РАМАЗАНОВ.

«Ленин туының» дабылынан кейін

Интернаптағы тәрбие жұмысы

«Ленин туы» газетінің осы жылғы 14 ноябрьдегі номерінде осы тақырыппен жарияланған мақалада және редакцияға түскен «Кім кімді?» деген тілші хатында Преснов ауданындағы Бали орта мектебі жанындағы интернатта тәрбие-тәрбие жұмыстарының дәрежесі төмен екендігі, оқушыларды кіммен, темекімен, жатақханамен қамтамасыз етудегі елеулі кемшіліктер орын алып отырғандығы сында алынады болатын.

Газетте жарияланған осы мақала және газетте жарияланбаған «Кім кімді?» деген тілші хаты бойынша аудандық партия комитеті төжсеріс жүргізгенде

оларда көрсетілген фактілер толық анықталды. Интернатта тәрбиеленушілерді тәрбиелендіруді, тәрбие жұмыстарын жақсарту, оқушыларды жатақханаға дұрыс орналастыру жөнінде тиісті шаралар қолданылды. Көзір жатақханаларда столдар, орындықтар, тумбочкалар қойылды.

Мақала оқушылар мен интернат қызметкерлерінің жаны жыйналысында талқыланды.

Б. ҚЫРМЫБАЕВ.

ҚКП Преснов аудандық комитеті үгі және насихат бөлімінің меңгерушісі.

сау комбинаты Болгария Халық Респуб-ликасымен консерв жасайтын ең ірі кәсіпорындарының бірі болып табылатын. Бұл комбинат жылы айып экспорт, варенье, жеміс сирпіндері мен өсімдік консервдерінің әртүрлерін көптеп шығарады. 1948 жылғымен салыстырғанда комбинат шығаратын өнімнің көлемі 3,5 есе өсті. Устимдегі жылы бұл комбинатта консервдерінің 100 түрі шығарылады. Комбинатқа кезін түсетін өнімдер мен жемістердің 90 процентін еңбек кооперативтік жер шаруашылықтары жемісін тұрады.

Халықаралық темір жол одағының бас ассамблеясы

ПАРИЖ, 9 декабрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабарлауына қарағанда, Парижде Халықаралық темір жол одағының Бас Ассамблеясы ашылған, оған бұл одақтың мүшесі болып табылатын 32 елдің өкілдері, соның ішінде ГДР-дің, Польшаның, Румыния мен Чехословакияның делегациялары қатысқан.

Бірлестік, бейбітшілік пен бостандық үшін күресуші немістер одағының үндеуі

БЕРЛИН, 9 декабрь. (СОТА). АДН агенттігінің хабарлауына қарағанда, Кеше Дюссельберте Бірлестік, бейбітшілік пен бостандық үшін күресуші немістер одағының мәжілісі болған. Мәжілісте Батыс Германия елшілерінің бәрі бундестагтің Париж келісімдерін бекітуіне жол бермеу үшін барлық күш-жігерді жұмсауға шақырған үндеу қабылданды.

Көзір, деп атап көрсетілген Үндеуде, жашыгермандық еркін сайлауды дайындау және оны өткізу туралы мәселелер жөнінде немістердің арасында келісімге жетуді талап ету қажет. Бірақ Париж келісімдерін бекітуі мұндай келіссөздерді жүргізуге кәтергі келтіреді. Сондықтан да, деп атап көрсетілген Үндеуде, келіссөздерді Париж келісімдерін бекітуден бұрын жүргізу керек.

Кениядағы колониялық террор

ЛОНДОН, 9 декабрь. (СОТА). Пресс Ассоциацияның агенттігінің хабарлауы бойынша, қауымдар палатасындағы лейбористердің бірінші сұрағына жауап берген кезін, колония министрі Леннокс-Бойд былай деп мәлімдеген: Кенияда (Англияның колониясы, редакцияның ескертпесі) «төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты» 17 мың 629 негр тұтқына алынған және 47 мың 562 негр лагерге қамалған. Бір жыл ішінде 4406 негр өлтірілген, 528 негр өлім жазасына берілген және 342 негр түрмеде мен лагерлерде өлген. 3 сентябрьден 26 ноябрьге дейін 143 негр өлім жазасына кесілді, өлтірілді.

Герман милитаризмін қайта тудыруға жол өзгілімесін

Бейбітшілікті жақтаушылардың бүкілпольшалық комитетінің қарары

ВАРШАВА, 10 декабрь. (СОТА). Кеше Варшава бейбітшілікті жақтаушылардың бүкілпольшалық комитеті президиумының мәжілісі болып, онда бүкіл дүниежүзілік бейбітшілік Советінің Стокгольм сессиясы және европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Москва Кеңесі жұмыстарының қорытындылары талқыланды.

Мәжілісте қатысушылар Стокгольм сессиясының қарарларын және европалық елдердің Москвадағы Кеңесінде қабылданған Декларацияны бірауыздан мақұлдаған қарар қабылдады.

Бейбітшілікті жақтаушылардың бүкілпольшалық комитеті, делінген қарарда, барлық поляк патриоттарының атынан Москва Кеңесінде қабылданған Декларацияны құттықтап, бұл Декларацияны халықаралық тұрмыстың аса маңызды документтерінің бірі деп біледі. Москва Кеңесінің Декларациясы вермахтты қалпына келтіру арқылы еркін халықтардың бейбіт творчестволық еңбегін бұзуға жіргенін жақандарды сақтандыраған елеулі ескертпе болып табылады.

Агрессияшы топтар, деп атап көрсетілген мәлімдемеді, герман милитаризмін қайта тудыру әрекеттерін дүниежүзілік өкілші сорыстың алдында болған жағдайдан мүлде басқаша жағдайда жүргізуді. Көзір Польша және басқа халықтық

демократия елдері қуатты Совет Одағымен және алғашқы миллиондық қытай халқымен туысқандық достық орнатты, герман милитаризмін қарсы біабен бірге күресін жатқан Герман Демократиялық Республикасы өмір сүріп отыр. Польша ендігі жерде 1939 жылғыдай және жалғыз, әлсіз және қорғансыз ел емес. Міне, бұл жағдайда дүние жүзіне үстемдік орнатуы жөніндегі империалистік жоспарлар сөзсіз күйрегіледі.

Поляк халқы, делінген қабылданған қарардың қорытындысында, Батыс Европадағы бейбітшілік күшгермен толық ынтымақтас екенін білдіреді. Бейбітшілікті жақтаушылардың бүкілпольшалық комитеті «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы дөговорды қабылдамай тастауда социалдық маңызды роль атқарған және өздерінің саяси сенімдеріне қарамастан, Францияның өмірлік мүдделерін қорғау үшін қайта бірігін жатқанды француз достарымызды шын жүректен құттықтайы. Бейбітшілікті жақтаушылардың бүкілпольшалық комитеті барлық поляк патриоттарын халықтық мемлекетті оған әрі нығайту ісінде, Германияны ремилиитарандыру жоспарларына қарсы, европалық халықтардың коллективтік хауіпсіздік системасын құру жолындағы күресте өздерінің күш-жігерін еселеп арттыруға шақырады.

Герман милитаризмін қайта тудыруға жол бермеу—неміс халқының басты міндеті

ГЕРМАНИЯ КОМПАРТИЯСЫ БАСҚАРМАСЫ СЕКРЕТАРИАТЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

БЕРЛИН, 10 декабрь. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, Германия Компартиясы Басқармасының секретариаты европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Москва Кеңесінің Декларациясын талқылап, Декларацияны қолдайтын мәлімдеме қабылдаған.

Мәлімдемеді, атап айтқанда, былай делінген:

Герман милитаризмін қайта тудыру және Батыс Германияны агрессиялық бласке енгізу өздерінің басты мақсаты болып табылатын Париж келісімдерін бекіту Европада кәдергі тудырып болар еді, Германияның екі жаққа болшептесуін күшейткен болар еді. Париж келісімдері біздің Отанмызды бейбітшілікпен қайта қосу жолындағы басты кәдергі болып табылады.

Батыс Германияның халқы бұл келісімдерді бекітуге жол бермеуге тиіс. Ол Батыс Германияда милитаризм үстемдігін қайтадан тудырылуына жол бермеуге тиіс.

Германия милитаризмін қайта тудыру Европада серге хауіп анағұрлым мақ-

тап күшейткен болар еді. Батыс Германия серге және жойқын қарғын аймағына айналған болар еді. Сондықтан Германия милитаризмін қайта тудыруға жол бермеу—өз халқы мен өз Отанын жақсы көретін барлық немістердің басты міндеті, неміс жұмысын табының басты міндеті.

«Европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Москва Кеңесі,—делінген мәлімдемеді бұдан кейін,—келіссөздер жүргізуге есікті вен ашып берді. ССРО Сыртқы Істер Министрі Молотов Германияны қайта қосу және европалық хауіпсіздік системасын құру—шешілуін талап етіп отырған Европадағы ең маңызды проблемалар деп сипалтап берді. Жалпыгерманиялық үкмет құру мақсатын көздейтін жалпыгерманиялық еркін сайлау 1955 жылы өткізілуге тиіс деп Москва Кеңесінің Декларациясында анық айтылған. Мұның өзін біздің халқымыздың бірлік пен тәуелсіздік, бейбітшілік пен бостандық жағдайында өмір сүруіне мүмкіндік береді...»

циялары; 5. «Дунай арқылы жүзу туралы негізгі ережелерге» толықтыруларды қарау; 6. Дүлей комиссиясының аппарат қызметшілерінің праволары мен міндеттері туралы регламентті бекіту; 7. Комиссияның 1955 жылға арналған жұмыс жоспарын қабылдау; 8. Дунай комиссиясының XII сессиясының күн тәртібі және оны шақыру мерімі туралы.

Сессияның бірінші мәжілісінде күн тәртібінің алғашқы үш мәселесі жөнінде баяндамалар тыңдалды.

ИНДОНЕЗИЯ ПАРЛАМЕНТІНДЕ

ДЖАКАРТА, 9 декабрь. (СОТА). Бүгін парламентте оппозицияның Сестрамиткойо үкметіне сенімсіздік білдіру туралы ұсынысын талқылаумен байланысты, елауір депутаттар шығып сөз сөйлеп, үкметті қолдаған және үкметтің орнынан түсуін талап етіп жүргендердің айла-шараларын әшкерелеген.

Атап айтқанда, Индонезия кәсіпшілер-олағы орталық федерациясының скаяі Вердойо былай деді: үкметке сенбеу жөніндегі ұсыныс американдық елшілестен шығып отыр. Ол Хашимидің шартиясы мен социалистік партия халыққа қарсы империалистердің мүддесі үшін жұмыс істеуде деп, атап көрсетті.

«Хариям Ракьят», «Мердека» және «Сугу Индонезия» газеттерін индонезия халқын қырағылықты күшейтуге және ұлттық бірлікті нығайтуға шақырған. Олар былай деп жазды: Индонезияға хауіп тек ішкі реакция тарапынан ғана туып отырған жоқ, сонымен бірге колониялды державалар тарапынан да туып отыр.

Редактордың орынбасары

Е. НУРМОЛДИН.



«УДАРНИК» кинотеатрында

«ИНЕЛІК»

Сеанстар сағат 4-40, 6-40, 8-40 және 10-40 да басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«ҮЛКЕН СЕМЬЯ»

Сеанстар сағат 6-30, 8-30 және 10-30 да басталады.

Петропавл элеваторына түпкілікті жұмысқа жүк тиеуші жұмысшылар және таңтай тілушілер КЕРЕК.

АДРЕС: Осипенко көшесі, 5-үй. Кадр бөлімі.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-36, редактордың орынбасары—1-59, секретариат—1-33, партия және насихат бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.